Қоғамдық тыңдаулар хаттамасы

Тұщықұдық Ауылы **2026 жылы 24 қыркүйек уақыты сағат 15:00**

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының жергілікті атқарушы органының атауы: **Тұщықұдық ауылы әкімінің аппараты (Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы)**

2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы: **«ЖАЛҒЫЗТӨБЕМҰНАЙ» ЕЖШС**
- **2027–2029 ж. арналған рұқсат етілген шығарындылар нормативтері жобасы;**
- **2027–2029 ж. арналған табиғат қорғау іс-шараларының жоспары;**
- **2027–2029 ж. арналған өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы;**
- **2027–2029 ж. арналған рұқсат етілген төгінділер нормативтері жобасы;**
- **2027–2029 ж. арналған қалдықтарды басқару бағдарламасының жобасы;**
- **Жалғызтөбе кен орнындағы өндіруші ұңғымалардан мұнай жинау жүйесін жаңғырту;**
- **Жалғызтөбе кен орнындағы ДНС-1 кеңейту – суды алдын ала ағызу қондырғысы.**

(қаралатын жобалау құжаттардың толық, нақты атауы)

3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының атауы: **«Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» ШЖҚ РМК.**

4. Көзделіп отырған қызметтің орналасқан жері: **Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Тұщықұдық ауылы. Географиялық координаттары: 44°44′20″ с. е. 51°57′55″ ш. б.**
(белгіленген қызмет учаскесі аумағының толық, нақты мекенжайы, географиялық координаттары)

5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы: **Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Тұщықұдық ауылы.**
(белгіленген қызметті жүзеге асыру нәтижесінде аумағына ықпал етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік–аумақтық бірліктердің тізбесі).

6. Бастамашының деректемелері және байланыс деректері: **«ЖАЛҒЫЗТӨБЕМҰНАЙ» ЕЖШС, БСН: 050340002312, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 19-шағынаудан, 8-ғимарат, тел.: 8 (7292) 30-28-76.**
(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, ЖСН, телефондары, факстері, электрондық поштасы, сайттары)

7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері: **«AccuTest» ЖШС, БСН: 120840013619 тел./факс: 8 (7292) 20-31-84, e-mail: labtest64@gmail.com.**
(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, ЖСН, телефондары, факстері, электрондық поштасы, сайттары)

8. Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күн, уақыт, орын (қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналысы өткізілетін күн (күндер) және уақыт): **24.09.2026 жыл, тіркеу уақыты 15 сағат.00 мин, Маңғыстау ауданы, Тұщықұдық ауылы, Тұщықұдық ауылдық мәдениет үйі**

ғимаратында және онлайн форматта zoom платформасында бейнеконференция форматында келесі сілтеме бойынша:
https://us06web.zoom.us/j/88606625594?pwd=eqmUma0d7UInLWjhihfu6GzIC6B4X9.1
Конференция идентификаторы: 886 0662 5594
Қолжетімділік коды: 669911
(қатысушыларды тіркеудің басталу күні, уақыты, қоғамдық тыңдаудың басталу уақыты, тыңдаудың толық және нақты мекен-жайы. Қоғамдық тыңдаулар ұзартылған жағдайда барлық күндері көрсетіледі)

9. Бастамашы жіберген сұрату хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі. **Қосымшада берілген.**

10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі. **Қосымшада берілген.**

11. Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде келесі жолдармен таратылды:
1) бірыңғай экологиялық порталда, **www.ndbecology.gov.kz.**

2) жергілікті атқарушы органның (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) ресми интернет-ресурсында немесе әзірлеуші мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында: **https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau**
(атауы және ресми интернет–ресурстарға сілтемелер және жарияланған күні)

3) қоғамдық тыңдаулар басталған күнге дейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде кемінде бір газетте және қатысы бар аумақтың шегінде толық немесе ішінара орналасқан тиісті әкімшілік - аумақтық бірліктердің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында таратылатын кемінде бір теле-немесе радиоарна арқылы бұқаралық ақпарат құралдарында:

1. Газета: Жаңа Өмір, №32 (10716) 20 тамыз 2026 жыл (қосымшада)
(газеттегі хабарландырудың атауын, нөмірін және жарияланған күнін көрсету, сондай-ақ газеттің сканерленген титулдық беті мен қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарландыру берілген бетті қамтитын, сканерленген хабарландыруды қоса ұсыну)

2. «ASTANA TV» телеканалы, 19 тамыз 2026 жыл №089 (қосымшада)
(теле немесе радиоарнаның атауын, хабарландыру жарияланған күнді көрсету, теле немесе радиоарнада жарияланған қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарландырудың бейне және аудиожазбасы бар электрондық жеткізгіш қоғамдық тыңдаулардың хаттамасына қоса тіркелуі (жариялануы) тиіс)

4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) аумағында мүдделі жұртшылық үшін қолжетімді орындарда, **«Тұщықұдық ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ ғимараты мекенжайы бойынша хабарландыру үшін стендте 1 (бір)** дана хабарландыру.
Осы қоғамдық тыңдау хаттамасына фотоматериалдар қоса беріледі.

12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері:
Қоғамдық тыңдау хатшысы болып «AccuTest» ЖШС - Желенова Шаттыгүл Есенқызы сайланды (хатшыны таңдау туралы. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың санын көрсету: "қарсы емес" – 9, "қарсы" - 0, "қалыс қалды" - 0)

Регламент: Қоғамдық тыңдауға қатысушыларды тіркеу – 10 минут. Келісілген уақытта қоғамдық тыңдаудың ашылуы (төрағаның сөзі, хатшыны тағайындау) – 5 минут. Баяндамашының сөз сөйлеуі – 15 минут. Баяндаманы талқылау (сұрақ-жауап). Баяндама бойынша қоғамдық тыңдауға қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары тыңдалады.

Баяндамашылар өз кезегінде қоғамдық тыңдауға қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстарына жауап береді. Ұсынылатын регламент – 20 минут.
Қоғамдық тыңдауларды қорытындылау және жабу. Ұсынылатын регламент – 5 минут.
(регламентті бекіту туралы. Қоғамдық қатысушылардың санын көрсету: "қарсы емес" – 9, "қарсы" - 0, "қалыс қалды" - 0)

13. Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер:
Баяндамашы «AccuTest» ЖШС өкілі – Желенова Ш. Е.
(баяндамашының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)

Жоба бойынша Презентация (22 бет) және баяндама қосымшада ұсынылды.
(баяндаманың тақырыбы, беттердің, слайдтардың, файлдардың, плакаттардың, сызбалардың саны)
Қоғамдық тыңдауға шығарылатын құжаттар бойынша баяндама мәтіндері осы қоғамдық тыңдау хаттамасына қоса беріледі.

14. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасының ажырамас бөлігі болып табылатын жиынтық кесте осы Қағидалардың 18-тармағына сәйкес жазбаша нысанда ұсынылған немесе қоғамдық тыңдаулар барысында айтылған мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың барлық ескертулері мен ұсыныстарын, сондай-ақ әрбір ескерту мен ұсыныс бойынша Бастамашының жауаптары мен түсініктемелерін қамтиды. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына анық қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар кестеге «қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ» деген белгімен енгізіледі. **Қосымшада берілген.**

15. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың жоба және қаралатын құжаттардың сапасы туралы (негіздемесімен), тыңдалған баяндамалардың толықтығы мен түсініктілігі жөніндегі пікірі, оларды жақсарту бойынша ұсынымдары: **жоқ**

16. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына шағымдану Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес сот және сотқа дейінгі тәртіппен мүмкін болады.

17. Қоғамдық тыңдаулардың төрағасы: **Тұщықұдық ауылдық округі әкімі – Мергенов Наурызбек Оразғұлұлы**
(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні)

Қолы _____ Күні: «24» қыркүйек 2026 ж.

18. Қоғамдық тыңдаулар хатшысы: **«AccuTest» ЖШС – Желенова Шаттыгүл Есенқызы**
(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні)

Қолы _____ Күні: «24» қыркүйек 2026 ж.

Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың тіркеу парағы

2026 жыл 24 қыркүйек уақыты сағат 15:00

«ЖАЛҒЫЗТӨБЕМҰНАЙ» ЕЖШС, Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Тұщықұдық ауылы

№ р/с	Қатысушының аты-жөні	Қатысушы санаты (мүдделі жұртшылықтың, жұртшылықтың, мемлекеттік органның өкілі, Бастамашы)	Байланыс телефон нөмірі	Қатысу форматы (жеке немесе конференц-байланыс арқылы)	Қолы (ашық жиналысқа қатысқан жағдайда)
1	2	3	4	5	6
1	Жеменова Ш. Е.	басқарманың	8778 1388739	өзге	
2	Садикова Шуая	ауыл тұрғыны	87476138796	жеке	
3	Жұртбаева Гүлден	ауыл тұрғына	+7747-521-29-21	жеке	
4	Жамалханбетова Лаура	ауыл тұрғыны	+7778 66055 91.	жеке	
5	Серикгалиева Гаяз	ауыл тұрғын	87760802175	жеке	
6	Мергенов Нағызбек	жұм	8707 686 7814		
7	Шалабаев Қонысбай	ауыл тұрғыны	8 702 902 2554	жеке	
8	Аркинов Нұрғиса	ауыл тұрғыны	+7777 034 07 13	жеке	
9	Бегембаев Әлібек	ауыл тұрғыны	+7705 100 69 78	жеке	
10	Асанова Самұрын	эколог ЖТМ	+7774217787		
11	Базарбай С. С.	МО ӨПМ ЭТР және ЖҚТРБ	8778 1139897	онлайн	
12	Жайнагараева Ф. Ә.	МО ӨПМ ЭД	8702 4766076	онлайн	
13					
14					
15					
16					

Қоғамдық тыңдауларды өткізуге дейін және өткізу кезінде алынған ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі

р/с №	Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және/немесе лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескерту (алынып тасталған/ алынбаған ескерту немесе ұсыныс, "қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ")
1	Тұщықұдық ауылдық округі әкімі – Мергенов Н.О: Ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған шығарындылар көздері көзделген деп айтып едіңіз. Ол қалай, қандай мағынаны білдіреді?	«AccuTest» ЖШС – Желенова Ш.Е.: Ұйымдастырылған шығарындылар дегеніміз – атмосфераға арнайы белгіленген орындар арқылы шығарылатын шығарындылар. Яғни олардың нақты шығу нүктесі болады. Мысалы, пештерден, арнайы шығару құбырлары мен мұржалардан шығатын шығарындылар ұйымдастырылған шығарындылар көздеріне жатады. Ал ұйымдастырылмаған шығарындылардың атмосфераға шығатын арнайы белгіленген орны болмайды. Олар өндірістік жабдықтардан немесе олардың жекелеген бөліктерінен ауаға таралады. Мысалы, фланецті қосылыстардан, сорғылардан, құбырлардың қосылған жерлерінен бөлінетін шығарындылар ұйымдастырылмаған шығарындылар көздеріне жатады.	алынып тасталды
2	Тұщықұдық ауылдық округі әкімі – Мергенов Н.О: Баяндама барысында қауіпті және қауіпті емес қалдықтар туралы айтып өттіңіз. Осы қалдықтар қайда тапсырылады және оларды қандай мекемелер алып кетеді? Сонымен қатар, қалдықтарды шығару жиілігі қандай? Мысалы, қатты тұрмыстық қалдықтар қаншалықты жиі шығарылады, ал мұнаймен ластанған қалдықтар қайда және қандай мерзімде тапсырылады?	«ЖАЛҒЫЗТӨБЕМҰНАЙ» ЕЖШС экологы – Асанова С.: Қалдықтар «Эко Ойл Сервис» мекемесіне тапсырылады. Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға арналған көлемі 0,75 м³ болатын арнайы контейнер орнатылған. Контейнерлер толуына қарай қалдықтар шығарылып отырады. Мұнаймен ластанған қалдықтар да олардың жиналу көлеміне қарай шығарылады. Яғни көлемі әртүрлі болуы мүмкін: бір тонна да, он тонна да болуы мүмкін. Қалдықтарды жинауға арналған ыдыстар толуға жақындаған кезде «Эко Ойл Сервис» мекемесіне алдын ала өтінім береміз. Олар өздерінің арнайы автокөлігімен келіп, қалдықтарды алып кетеді. Тапсырылатын қалдықтардың нақты көлемі тоннамен есептеледі.	алынып тасталды
3	Ауыл тұрғыны: Жаңа айтып өткендей, жоба бойынша екі нысанда құрылыс жұмыстары жүргізіледі екен. Осы құрылыс жұмыстарына жергілікті тұрғындарды жұмысқа алу қарастырылған ба? Жұмысқа қабылдау қалай жүзеге асырылады?	«ЖАЛҒЫЗТӨБЕМҰНАЙ» ЕЖШС өкілі: Құрылыс жұмыстарын тендер нәтижесінде анықталған мердігер мекемелер атқарады. Мердігер мекемелер құрылыс жұмыстарын өздерінің жұмысшыларымен жүргізеді. Сондықтан қазіргі уақытта жергілікті тұрғындарды жұмысқа қабылдау мәселесі бойынша нақты ақпарат бере	алынып тасталды

		алмаймыз. Жұмысшыларды қабылдау мәселесін тендерді жеңіп алған мердігер мекеме өзі шешеді.	
4	Тұщықұдық ауылдық округі әкімі – Мергенов Н.О: Тағы бір ұсыныс ретінде айта кетейін. Әлеуметтік мәселелермен қатар, ауылды көріктендіру, абаттандыру және тазалық жұмыстарын жүргізуге де атсалысуларыңызды сұраймыз. Осындай жұмыстар бойынша ұсыныстар түскен жағдайда, арнайы техника бөлу немесе басқа да қажетті көмек көрсету мүмкіндігін қарастыруларыңызды сұраймыз.	«ЖАЛҒЫЗТӨБЕМҰНАЙ» ЕЖШС өкілі: Алдыңғы қоғамдық тыңдаулардан кейін ауыл ақсақалдарымен кездесіп, жергілікті тұрғындарды жұмысқа орналастыру мәселесін қарастырған болатынбыз. Кен орнының аумағы Түпқараған ауданына жатады, ал біздің негізгі кеңсеміз Ақтау қаласында орналасқан. Жұмысқа қабылдау мәселелері кәсіпорынның қажеттілігіне және бос жұмыс орындарының болуына байланысты қарастырылады. Қазіргі уақытта кәсіпорында жаңа жұмыс орындары ашылып жатқан жоқ. Бос жұмыс орындары негізінен қызметкерлердің зейнетке шығуына байланысты пайда болады. Осы жылдың ішінде екі адамды жұмысқа қабылдадық: біреуі аспаз, екіншісі слесарь қызметіне қабылданды. Қазіргі уақытта бос жұмыс орындары жоқ. Алдағы уақытта бос жұмыс орындары ашылған жағдайда, жергілікті тұрғындарды жұмысқа қабылдау мүмкіндігін де қарастыратын боламыз. Сонымен қатар, бұған дейін ауылдағы медициналық көмек мәселесі, оның ішінде дәрігердің болмауы және ауылға келген дәрігерді тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесі көтерілген болатын. Осыған байланысты өз тарапымыздан көмек көрсетуге дайынбыз. Ауылға дәрігер келген жағдайда, бірінші кезекте оған тұратын үйді жалдап беруге көмектесеміз.	алынып тасталды

«AccuTest» ЖШС БСН 120840013619
М/ж:130000 Маңғыстау облысы, Ақтау қ, 7 Өндірістік аймағы, 5 ғимараты.
тел/факс: 8-7292-20-31-84, e-mail: labtest64@gmail.com. www.accutest.kz

ТОО «AccuTest» БИН 120840013619
Адрес: 130000 Мангистауская область, г.Актау, Промышленная зона 7, участок №5.
тел/факс: 8-7292-20-31-84, e-mail: labtest64@gmail.com. www.accutest.kz

«AccuTest» LLP BIN 120840013619
Adress:130000 Mangystau region, Aktau city, Industrial zone 7, Building №5.
Tel/fax: 8-7292-20-31-84, e-mail: labtest64@gmail.com. www.accutest.kz

Шығыс № 262 -26/АТ
«21» 03 2026г.

Маңғыстау ауданы Тұщықұдық ауылдық округінің әкімі Мергенов Н.О.-ға

Құрметті Мергенов Наурызбек Оразғұлұлы!

«AccuTest» ЖШС «ЖАЛҒЫЗТӨБЕМҰНАЙ» ЕЖШС үшін табиғат қорғау құжаттамасын әзірлеуші ретінде Сізді және Тұщықұдық ауылдық округі әкімдігінің өкілдерін төмендегі жобалар бойынша өткізілетін қоғамдық тыңдауларға қатысуға шақырады:

- 2027–2029 жылдарға арналған жол берілетін шығарындылар нормативтерінің жобасы;
- 2027–2029 жылдарға арналған табиғат қорғау іс-шараларының жоспары;
- 2027–2029 жылдарға арналған өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы;
- 2027–2029 жылдарға арналған жол берілетін шекті төгінділер нормативтерінің жобасы;
- 2027–2029 жылдарға арналған қалдықтарды басқару бағдарламасының жобасы.
- Жалғызтөбе кен орнындағы өндіруші ұңғымалардан мұнай жинау жүйесін жаңғырту;
- Жалғызтөбе кен орнындағы ДНС-1 кеңейту — суды алдын ала ағызу қондырғысы.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылы 24 қыркүйекте сағат 15:00-де өтеді.

Өтетін орны: Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Тұщықұдық ауылы, Тұщықұдық ауылдық мәдениет үйі.

Қоғамдық тыңдауларға онлайн форматта қатысу үшін ZOOM платформасы арқылы қосылуға болады:
Сілтеме: https://us06web.zoom.us/j/88606625594?pwd=eqmUma0d7UInLWjhihfu6GzIC6B4X9.1
Конференция идентификаторы: 886 0662 5594
Қолжетімділік коды: 669911

Жобалардың тапсырыс берушісі – «ЖАЛҒЫЗТӨБЕМҰНАЙ» ЕЖШС (БСН 050340002312).

Құжаттама https://ndbecology.gov.kz порталында және https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents интернет-ресурсында орналастырылған.

Сізді қоғамдық тыңдауларға қатысуға және мүмкіндігінше жергілікті атқарушы органның мүдделі өкілдерінің қатысуын қамтамасыз етуге шақырамыз.

«AccuTest» ЖШС директоры **Ажбаева А.С.**

Орындаған: Гадиулова Г.Т.
Тел.: 8 (7292) 20-31-84

«AccuTest» ЖШС БСН 120840013619
М/ж:130000 Маңғыстау облысы, Ақтау қ, 7 Өндірістік аймағы, 5 ғимараты.
тел/факс: 8-7292-20-31-84, e-mail: labtest64@gmail.com. www.accutest.kz

ТОО «AccuTest» БИН 120840013619
Адрес: 130000 Мангистауская область, г.Актау, Промышленная зона 7, участок №5.
тел/факс: 8-7292-20-31-84, e-mail: labtest64@gmail.com. www.accutest.kz

«AccuTest» LLP BIN 120840013619
Adress:130000 Mangystau region, Aktau city, Industrial zone 7, Building №5.
Tel/fax: 8-7292-20-31-84, e-mail: labtest64@gmail.com. www.accutest.kz

Исх.№ 263-26/АТ
«21» 09 2026г.

Акиму Тущыкудыкского сельского округа Мангистауского района Мергенову Н.О.

Уважаемый, Мергенов Наурызбек Оразгулулы!

ТОО «AccuTest», являясь разработчиком природоохранной документации для ДТОО «ЖАЛГИЗТОБЕМУНАЙ», приглашает представителей акимата Тущыкудыкского сельского округа принять участие в общественных слушаниях по следующим проектам:

- Проект нормативов допустимых выбросов на 2027–2029 гг.;
- План природоохранных мероприятий на 2027–2029 гг.;
- Программа производственного экологического контроля на 2027–2029 гг.;
- Проект нормативов предельно допустимых сбросов на 2027–2029 гг.;
- Проект программы управления отходами на 2027–2029 гг.
- Расширение ДНС-1 на месторождении Жалгизтобе — установка предварительного сброса воды;
- Модернизация системы сбора нефти от добывающих скважин на месторождении Жалгизтобе.

Общественные слушания состоятся 24 сентября 2026 года в 15:00 часов.

Место проведения: Мангистауская область, Мангистауский район, село Тущыкудык, Тущыкудыкский сельский Дом культуры.

Для участия в онлайн-формате будет доступно подключение посредством платформы ZOOM:
Ссылка:
https://us06web.zoom.us/j/88606625594?pwd=eqmUma0d7UInLWjhihfu6GzIC6B4X9.1
Идентификатор конференции: 886 0662 5594
Код доступа: 669911

Заказчиком проектов является ДТОО «ЖАЛГИЗТОБЕМУНАЙ» (БИН 050340002312).

Материалы проектов размещены на портале https://ndbecology.gov.kz и интернет-ресурсе https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/.

Просим Вас принять участие в общественных слушаниях и, при возможности, обеспечить участие заинтересованных представителей местного исполнительного органа.

Директор ТОО «AccuTest» **Ажбаева А.С.**

Исп. Гадиулова Г.Т.
Тел.: 8 (7292) 20-31-84

ЖАҢА ӨМІР

БЕЙСЕНБІ
№32 (10716)
20 тамыз 2026 жыл

ГАЗЕТ 1941 ЖЫЛДЫҢ 27 ЖЕЛТОҚСАНЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

МАҢҒЫСТАУ АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

МЕРЕЙ

ҚАЛАМГЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БЕЛЕСІ

ШАЙЫР АУЫЛЫНЫҢ 100 ЖЫЛДЫҒЫ АЯСЫНДА МАҢҒЫСТАУ ӨҢІРІНЕ ТАНЫМАЛ ҚАЛАМГЕР, ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТЕР ОДАҒЫНЫҢ МҮШЕСІ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНЫҢ ҮЗДІГІ, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «АЛТЫН ҚАЛАМ» БАЙҚАУЫНЫҢ ЖҮЛДЕГЕРІ, БАЛАЛАР ЖАЗУШЫСЫ, САТИРИК, АҚЫН, САЗГЕР ЕРЕКЕН ҚОРАБАЕВТЫҢ 70 ЖАС МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛҒАН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШ ӨТТІ.



Туған жер мен тағдыр тоғысқан тағылымды шарада қаламгердің әдебиет пен өнердегі шығармашылық жолы кеңінен дәріптеліп, оның елге, жерге деген сүйіспеншілігі ән мен жырға арқау болды.

Ерекен Қорабаев үшін Шайырдың орны ерекше. Балалық шағы мен жастық дәурені осы өңірмен байланысты қаламгер туған жер тақырыбын шығармашылығына тұрақты арқау етіп келеді. Ақынның «Шайырым менің, Шайырым» деп басталатын жыр жолдарынан туған ауылға деген сағынышы анық аңғарылады.

Сонымен қатар мерейтойлық кеште қаламгердің сазгерлік қырына да ерекше мән берілді. Оның «Арман ару», «Қаратау бойында», «Даланың желі», «Таң», «Нарлы мекен», «Шайырыма қайтармын» секілді әндері орындалып, көрерменге ұсынылды. Халықтық «Шайыр» вокалды ансамблі де кештің көркін қыздырып, автор шығармаларын орындады.

Шара аудан әкімінің орынбасары Асқар Аққұловтың мерейтой иесін 70 жасымен құттықтауымен басталды. Кеш барысында Е.Қорабаевтың поэзиялық туындылары да оқылды. Туған жер, анаға деген құрмет, қазақ әйелінің болмысы, елге деген сағыныш секілді тақырыптарды қамтыған өлеңдер ақын шығармашылығының сан қырын танытты.

Қаламгердің шығармашылығына арналған кеште оның әдеби мұрасына да кеңінен тоқталды. «Маңғыстау әзілдері», балаларға арналған «Есі бар тентек», «Қара күшік», «Жаулыбай пошташы немесе ән дауылы соққан кеш» секілді туындылары аталып, қаламгердің балалар әдебиеті, сатира, поэзия және музыка салаларындағы еңбегі сөз болды.

Мерейтойлық шараның маңызды бөлігінің бірі Ерекен Қорабаевтың «Маңғыстау сенің далаң-ай!» атты әндер жинағы, «Маңғыстау әзілдері» және «Желқайық» атты жаңа кітаптарының тұсау кесері болды.

Сахна төріне шақырылған мерейтой иесінің жаңа жинақтарының тұсауын Тұрар Сарыбаев, Аманғали Сатаев және Нұрғазар Бинаев кесіп, қаламгерге ақ тілектерін білдірді.

Шығармашылық кеште ақынның әдеби ортадағы орны мен еңбегі де атап өтілді. Қаламгердің Қазақстанның халық жазушысы Әбіш Кекілбайұлымен, күйші Сержан Шәкіратпен, мемлекеттік сыйлық иегері Светқали Нұржанмен шығармашылық байланысы мен кездесулері де көпшілік назарына ұсынылды.



Ерекен Қорабаевтың қаламынан туған «Қаратау бойында», «Қарағия өңірі», «Жыңғылды ауыл», «Төржайлау – Бейнеу», «Ұзынарал-Түпқараған» сынды әндері ел арасында орындалып келеді.

Шайыр ауылының 100 жылдығы мен Ерекен Қорабаевтың 70 жас мерейтойына орай ұйымдастырылған «Қаратаудың бойында» облыстық жазба ақындар мүшәйрасы да кеш барысында қорытындыланды. Жыр додасына 10 ақын қатысып, шығармаларын ортаға салды.

Мүшәйраның негізгі мақсаты – туған жердің тарихын, табиғатын, елдің рухын жыр арқылы дәріптеу, ақындардың шығармашылығына қолдау көрсету.

Жыр додасының қорытындысын төрт адамнан құралған қазылар алқасы шығарды. Қазылар алқасының шешімімен жүлделі орындар төмендегідей бөлінді. Бас жүлдеге Алшын Суемов лайық деп танылса, I орынға Жанарыс Әскербаев ие болды, ал II орынды Мейрамбек Ордабеков пен Жантілек Дүйсенбаев иеленіп, III орынды Әскербай Мыңжасар мен Дәулеткерей Көпжасаров өзара бөлісті. Сонымен қатар Айболат Наубетов, Бекзат Хожаметов, Нағима Нұрдәулетова және Ақерке Жұмахан Алғыс хатпен марапатталып, сайысқа қатысушыларға ақшалай жүлде қоры табысталды.

Мүшәйраның қорытындысы жас қаламгерлердің шығармашылығына қолдау көрсетіп, туған жер тақырыбының әдебиеттегі маңызын тағы бір мәрте айқындады.

Шайырдың ғасырлық тарихы мен Ерекен Қорабаевтың 70 жылдық мерейтойы тоғысқан шығармашылық кеште әдебиет пен өнер қатар өрілді. Туған ауылын жырға қосқан ақынның шығармашылығы арқылы Шайырдың тарихы, Маңғыстаудың табиғаты мен елдің рухы кеңінен көрініс тапты.

Мерейтойлық шара туған жерден түлеген азаматты ұлықтаған, әдебиет пен өнерді дәріптеген, кейінгі буынға өнеге болар тағылымды кездесу ретінде есте қалды.

М.ЖЕБЕҚЫЗЫ.



ТАҒАЙЫНДАУ



Жалпы конкурс нәтижесі бойынша Қуандық Баймұханов Маңғыстау ауданы әкімінің аппаратының басшысы қызметіне тағайындалды. Қуандық Баймұханов 1994 жылы дүниеге келді. 2016 жылы Маңғыстау гуманитарлық-техникалық университетін «Құқық және экономика негіздері» мамандығы бойынша тәмамдаған. Еңбек жолын 2015 жылы Ақтау қалалық жастар орталығында бастап, «Жастар кәсіпкерлігін қолдау және жұмыспен қамту» бөлімінің маманы қызметін атқарды. Кейін аталған мекеменің «Зерттеу және болжау» бөлімінің жетекшісі болып жұмыс істеді. 2017–2022 жылдары Ақтау қалалық ішкі саясат бөлімі, кейін Ақтау қалалық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімінде бас маман қызметтерін атқарды. 2022–2023 жылдары Маңғыстау облысының дін істері басқармасында діни бірлестіктермен байланыс және діни экстремизмге қарсы насихат жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің бас маманы болды. 2023 – 2025 жылдары Маңғыстау облысы әкімінің аппаратында инспекторлық және ұйымдастыру жұмысы бөлімінің бас инспекторы, аумақтық даму және ұйымдастыру жұмысы бөлімінің бас инспекторы қызметтерін атқарды. 2025 жылдың қыркүйек айынан осы күнге дейін Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінде ұйымдастыру және бақылау жөніндегі менеджері болды.

БІЛІМ

215 ТҮЛЕК ГРАНТ ИЕГЕРІ АТАНДЫ

БИЫЛ АУДАН МЕКТЕПТЕРІН ТӘМАМДАҒАН 215 ТҮЛЕК МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ ГРАНТЫНА ИЕ БОЛДЫ. ОНЫҢ ІШІНДЕ Е.АЙШУАҚҰЛЫ МЕКТЕБІНЕН – 21, №7 МЕКТЕПТЕН – 22, №1 МЕКТЕПТЕН – 20, ЖАРМЫШ МЕКТЕБІНЕН – 17, Т.ЖАЛҒАСБАЙҰЛЫ МЕКТЕБІНЕН – 17, Ә.ЖАНГЕЛДИН МЕКТЕБІНЕН – 16, М.АТЫМОВ МЕКТЕБІНЕН – 16, Н.ЖҰБАЕВ МЕКТЕБІНЕН – 14, ШЕТПЕ ЛИЦЕЙІНЕН – 13, А.МЕҢДАЛЫҰЛЫ МЕКТЕБІНЕН – 12, Ә.КЕКІЛБАЙҰЛЫ МЕКТЕБІНЕН – 10, ҚАРАТӨБЕ МЕКТЕБІНЕН – 8, ӨТЕС МЕКТЕБІНЕН – 8, С.ЖАНҒАБЫЛОВ МЕКТЕБІНЕН – 8, А.ӨТЕПБЕРГЕНОВ МЕКТЕБІНЕН – 6, ТОБАНИЯЗ МЕКТЕБІНЕН – 4 ЖӘНЕ Б.ЖҰМАЛИЕВ МЕКТЕБІНЕН – 3 ТҮЛЕК ГРАНТ ИЕГЕРІ АТАНДЫ. БҰЛ – ЖАС ТҮЛЕКТЕРДІҢ АЛАҢСЫЗ ЖОҒАРЫ БІЛІМ АЛУЫНА ЖОЛ АШАТЫН МАҢЫЗДЫ МҮМКІНДІК.



Грант иегерлері енді таңдаған мамандықтары бойынша білім алып, болашақ кәсібіне алғашқы қадам жасамақ.

Жастардың жоғары оқу орындарына түсу көрсеткішінің өзі олардың мектеп қабырғасында алған білімінің нәтижесін көрсетеді. Бұл ретте түлектердің жетістігіне ұстаздар мен ата-аналардың еңбегі де үлкен үлес қосып отыр.

Сонымен қатар, биылғы оқу жылына дайындық аясында бірқатар білім беру нысандарында жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Атап айтқанда, Нұн Жұбаев атындағы мектепте және Ақшымырау ауылындағы Тобанияз жалпы білім беретін мектебінде жөндеу жұмыстары қолға алынған. Білім беру нысандарын жаңарту арқылы мектептердің оқу процесіне дайындығын күшейту көзделіп отыр. Жөндеу барысында ғимараттардың жағдайын жақсартуға және оқушылар үшін қауіпсіз орта қалыптастыруға мән берілуде.

Аудандық білім бөлімінің басшысы Айжақсы Жылқыбайқызы жаңа оқу жылына дайындық жұмыстарының барысына тоқталып, білім беру ұйымдарындағы жөндеу және жаңарту жұмыстары белгіленген жоспарға сәйкес жүргізіліп жатқанын сөз етті.

Жаңа оқу жылында әлеуметтік қолдауды қажет ететін балалар да назардан тыс қалмайды. Белгіленген санаттарға жататын отбасылардың балаларына мектепке қажетті киім-кешек пен оқу құралдарын алуға көмек көрсетіледі. Мұндай қолдау шаралары баланың жаңа оқу жылын қажетті құралдармен бастап, сабаққа толыққанды қатысуына мүмкіндік береді. Әлеуметтік көмек белгіленген талаптар мен санаттарға сәйкес көрсетіледі.

Білім саласындағы атқарылып жатқан жұмыстардың әрқайсысы бір мақсатқа – баланың сапалы білім алуына бағытталған. Бір жағынан, 215 түлекке мемлекеттік грант арқылы жоғары білім алуға жол ашылса, екінші жағынан, мектептерді жаңарту және әлеуметтік қолдау көрсету жұмыстары білім алушылардың бүгінгі жағдайына бағытталған.

Иә, жаңа оқу жылына да санаулы күндер қалды. Аудандағы білім беру ұйымдарында оқу жылына дайындық жұмыстары қарқынды. Бұл ретте мектептердің материалдық базасын жаңарту, білім алушыларға қажетті жағдай жасау және әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасыларға көмек көрсету бағыттарына басымдық беріліп отыр.

М.ЕРҒАЛИ.

ӨЗЕКТІ



ДИПЛОМ БАР, ЖҰМЫС ҚАЙДА?

ЖОҒАРЫ НЕМЕСЕ КӘСІПТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ БІЛІМ АЛУ – МАМАНДЫҚ ИГЕРУДІҢ МАҢЫЗДЫ БАСПАЛДАҒЫ. АЛАЙДА ДИПЛОМ АЛҒАННАН КЕЙІН ТҰРАҚТЫ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСУ ӘР ЖАС ҮШІН БІРДЕЙ ОҢАЙ БОЛА БЕРМЕЙДІ. ӘСІРЕСЕ АУЫЛДАРДА БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫНЫҢ САНЫ МЕН ЖАСТАРДЫҢ КӘСІБИ ТАҢДАУЫ АРАСЫНДА АЛШАҚТЫҚ КЕЗДЕСЕДІ.

Аудандағы статистика да бұл мәселенің өзектілігін көрсетеді. Қазіргі таңда аудан бойынша 1687 адам жұмыссыз ретінде тіркелген. Оның 843-і – 16-35 жас аралығындағы жастар.

Аудандық мансап орталығының директоры Жанар Жайлаубайқызының айтуынша, жұмыссыз ретінде тіркелген жастардың басым бөлігінің кәсіптік-техникалық немесе жоғары білімі бар.

– Жастарды жұмыспен қамтудағы негізгі мәселелердің бірі – ауылдық елді мекендерде тұрақты жұмыс орындарының аз болуы. Сонымен қатар жастардың мұнай-газ саласына жұмысқа орналасуға деген ниеті жоғары. Кейбір жастардың өз мамандығына сәйкес жұмыс жасауға қызығушылығы да төмен, – дейді Жанар Жайлаубайқызы.

Бүгінде ауданда білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, мемлекеттік және коммуналдық қызмет салаларында мамандарға сұраныс бар. Ал жастардың мұнай-газ саласына қызығушылығы жоғары. Осыдан еңбек нарығындағы нақты қажеттілік пен жұмыс іздеушілердің қалауы әрдайым сәйкес келе бермейтінін аңғаруға болады.

Жастарды еңбекке тарту бағытында аудандық мансап орталығы бірнеше бағдарламаны жүзеге асырып келеді. Жыл басынан бері 306 жас жұмыспен қамтылған. Оның ішінде 60 жас тұрақты жұмысқа орналасса, 246 жас субсидияланатын жұмыс орындарына жолданған.

Жас мамандар үшін алғашқы еңбек тәжірибесін қалыптастыруға «Жастар практикасы» бағдарламасы мүмкіндік береді. Биыл оның аясында 110 жұмыс орнын құру жоспарланған. Бағдарлама оқу орнын жаңа аяқтаған жастарға өз мамандығы бойынша еңбек өтілін жинауға жол ашады. Алған мамандығы бойынша жұмыс таба алмаған жастар үшін кәсіптік оқыту арқылы басқа бағытты меңгеруге мүмкіндік қарастырылған.

Қазір 14 жас кәсіптік оқыту бағдарламасына қатысып жатыр. Бұл – еңбек нарығында сұранысқа ие жаңа кәсіпті игеруге мүмкіндік беретін бағыт. Жұмыссыз жастардың кәсіп бастауына да қолдау көрсетілуде. Биыл 5 жасқа бизнес-жобаларын іске асыру үшін жалпы 1 730 000 теңге көлемінде қайтарымсыз грант берілді. Алдағы уақытта жобаның екінші кезеңін өткізу жоспарланған.

Жастарды жұмыспен қамту мәселесі тек диплом алғаннан кейін шешілмейді. Оның негізі мамандық таңдаудан басталады. Сондықтан талапкер үшін оқу орнына түсу кезінде мамандықтың беделімен қатар, еңбек нарығындағы сұранысын да ескерген маңызды. Ал диплом алған жас үшін алғашқы жұмыс орны, тәжірибе жинау және кәсіби дағды қалыптастыру – еңбек жолындағы маңызды кезең.

Ауданда жастарға тұрақты жұмысқа орналасудан бөлек, тәжірибе жинауға, жаңа кәсіп меңгеруге және жеке ісін бастауға мүмкіндік беретін тетіктер ұсынылып отыр.

Диплом мамандықты растайтын құжат. Ал оны нақты кәсіпке айналдыру үшін еңбек тәжірибесі мен сұранысқа сай дағды қажет.

М.ЖЕБЕҚЫЗЫ.

АДАЛДЫҚ – АРЫҢ!

ПАТРИОТИЗМ – АДАЛ ҚОҒАМНЫҢ КЕПІЛІ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМНЫҢ ДАМУЫНА КЕДЕРГІ КЕЛТІРЕТІН, МЕМЛЕКЕТ ПЕН ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫНА ЗИЯН ТИГІЗЕТІН АНЫҚ. ОНЫМЕН КҮРЕСУ ТЕК ЗАҢДАРДЫ КҮШЕЙТУМЕН ШЕКТЕЛМЕЙДІ. СОНДЫҚТАН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – адалдықты, әділдікті, жауапкершілікті және заңға құрметпен қарауды білдіреді. Мұндай құндылықтар отбасында, білім беру ұйымдарында және еңбек ұжымдарында тәрбиеленеді. Әрбір азамат өз құқығы мен міндетін біліп, заң талаптарын сақтаған жағдайда ғана қоғамда әділдік орнайтыны белгілі.

Бүгінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі. Бұл ретте патриотизмнің орны ерекше.

Патриотизм – туған жерге, елге деген сүйіспеншілік қана емес, сонымен қатар заңды құрметтеу, адал еңбек ету және қоғам алдындағы жауапкершілікті сезіну. Өз елін шын сүйетін азамат мемлекет мүддесіне нұқсан келтіретін кез келген әрекетке қарсы тұрады.

Нағыз патриот өз елінің тағдырына бейжай қарамайды, мемлекет мүддесін қорғап, қоғамның дамуына үлес қосады. Ол адал еңбек етіп, қоғамдық тәртіпті сақтау керек. Елін сүйетін азамат заң талаптарын сақтап, жемқорлыққа қарсы тұруды өзінің азаматтық борышы деп біледі.

Жас буынның бойына отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастыру арқылы сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік көзқарасты дамытуға болады. Адалдық пен әділдік қағидаттарын ұстанатын ұрпақ қана еліміздің жарқын болашағын қалыптастырады. Бұл- шындық!

«Бірлік түбі – тірлік» деп ата – бабаларымыз бекер айтпасы керек. «Отан – отбасынан басталады!» Отбасы мықты болу үшін ең бастысы отбасы мүшелерінің бірлігінің рөлі маңызды екендігі айтпаса да түсінікті. Егер отбасында әке-шеше, аға-іні, апа-сіңілілер арасында бірлік, татулық болмаса, ол отбасында бақыт, қадір-қасиет, байлық болуы екі талай! Бұл өмірге келген соң, оның ішінде қазақ болып дүние есігін ашқан соң біз тек отбасына емес қоғам, ұрпақ үшін тәлім – тәрбиеге, салт – дәстүрімізді сақтауға міндеттіміз! Себебі, қазақ халқы осындай қасиеттерімен ерекше!

Болашақ жастардың қолында Жастарымызға, келер ұрпаққа салт – дәстүрімізді, тілімізді, дінімізді, қазақилығымызды көзінің қарашығындай сақтауға үйретейік.

Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті дамыту – әр азаматтың міндеті. Адал қоғам құру жолында патриоттық рухты нығайтып, заңға құрметпен қарап, жемқорлыққа қарсы бірлесе күресуіміз қажет. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – тек мемлекеттік органдардың міндеті емес, ол – бүкіл қоғамның ортақ ісі.

Әділетті қоғам құру жолында әр азамат өз ісіне жауапкершілікпен қарап, заң талаптарын сақтауы қажет. Сонда ғана біз сыбайлас жемқорлықсыз, дамыған әрі қуатты мемлекетті бірге қалыптастыра аламыз.

«Тәртіпке бағынған – құл болмайды» үйдегі, тұздағы тәртіптің маңыздылығы өте зор. Өткен замандағы асыл әжелеріміз сияқты менің, сенің балаң демей, қазіргі аналар қазақтың барша балаларын бауырларына басып, тәрбие беруден жалықпаса екен деп тілеймін.

«Айналайын» дейтін ата-әжелеріміз, «Батырым» дейтін әкелеріміз, «Құлыным» дейтін аналарымыз, «мен сенің жалғасыңмын, барым сенсің Қазақстаным» дейтін балалырмыз аман болғай.

Біздің күшіміз бірлікте! Бірлікті ту етсек, елімізге алынбас қамал жоқ! Қандай жағдай болмасын еліміз, жеріміз, Отанмыз үшін біз біргеміз!

А.ШАМШАДИНОВА
«Маңғыстау – Адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің үйлестірушісі.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚОҒАМҒА ТЕК ЗИЯНЫН ТИГІЗІП ҚОЙМАЙ, СОНЫМЕН БІРГЕ ОҢ НӘТИЖЕГЕ ЖЕТКІЗБЕЙТІНІН ЕСТЕН ШЫҒАРМАУЫМЫЗ КЕРЕК. ӨЙТКЕНІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТА ТЕК ПАРАНЫ КӨБІРЕК БЕРУШІ ҒАНА ЖЕҢІСКЕ ЖЕТЕДІ. БІР ҚОРҚЫНЫШТЫСЫ - СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН АЙНАЛЫСУ СОЛ ТҰЛҒА МЕН ОНЫҢ ЖАҚЫНДАРЫНЫҢ САНА-СЕЗІМІНЕ ЗАЛАЛ КЕЛТІРІП, ДҮНИЕТАНЫМДАРЫН БҰЗАДЫ. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ӘРЕКЕТТЕР ӘДЕТТЕ КӘСІБИ ЕМЕС АДАМНЫҢ ТЕКСЕРІП ҚАРАУЫНА ҚИЫН СОҒАТЫН КҮРДЕЛІ ӨЗІНДІК ЖӘНЕ ҚҰПИЯ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІНДЕ ЖАСАЛАДЫ. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТҚА ДЕГЕН ШЫНАЙЫ СЕНІМДІ ЖОЙДЫРАДЫ, ОНЫҢ БЕДЕЛІН ТҮСІРЕДІ. СОНЫМЕН ҚАТАР, СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТЕК ЖАСЫРЫН СИПАТТА ҒАНА ЕМЕС, СОНЫМЕН ҚОСА КЕЛІСІМДІ ТҮРДЕ ЖАСАЛАДЫ, ҚАҒИДА БОЙЫНША ОЛ ӨЗ АРТЫНАН ШАҒЫМ ТУДЫРМАЙДЫ, ӨЙТКЕНІ КІНӘЛІ ТАРАПТАР ЗАҢСЫЗ ЖАСАЛҒАН МӘМІЛЕДЕН ӨЗАРА ТИІМДІ ПАЙДАҒА ИЕ БОЛАДЫ.



СЫБАЙЛАСТЫҚ СЕНІМГЕ СЫЗАТ ТҮСІРЕДІ

Жыл сайын Қазақстанда орташа есеппен 2 мыңнан астам жемқорлыққа қатысты қылмыстық іс тіркеледі. Мыңнан аса адам жауапқа тартылады. Бұл – батпандап кіріп, мысқалдап шығатын кесел. Осы ауруды қазір шұғыл түрде емдемесек, ертең кеш болуы мүмкін. Жемқорлықтың тамырына балта шаппаса, ұлттық қауіпсіздік пен мемлекеттің болашағына нұқсан келтіреді.

Әлем елдерінің тәжірибесіне көз салғанда жемқорлықты жеңудің әртүрлі үлгісі барын байқаймыз. Кеселге қарсы тұрудың арнайы механизмін ойластырған ел сенім, ашықтық, қатаң жазаға басымдық берген екен. Кейбір елдерде кемшілікті болдырмау мақсатында ынталандыру тетіктері де ойластырылған. Дәл осы шарттар біздің елімізде де барынша назарға алынған.

Елімізді озық мемлекеттердің деңгейіне жеткізуді көздейтін мақсатты жолдағы басты кедергілердің бірі – сыбайлас жемқорлық. Осы орайда мемлекет тарапынан жемқорлықтың алдын алуға бағытталған кешенді шаралар біртіндеп іске асырылуда. Бұл шаралардың іске асырылуына «Жаңару» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс Республикалық қоғамдық бірлестігі мен «Маңғыстау – Адалдық алаңы» жобалық кеңсесі тарапынан да сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу мақсатында айтарлықтай жұмыстар атқарылып, өз үлестерін қосып келеді.

Мәселен, Маңғыстау облысы бойынша емшара кабинеттеріне зерделеу жұмыстарын (мониторинг) жүргізу барысында бірқатар емшара (процедуралық) кабинеттерінің қызметі қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес келмейтіні анықталды. Атап айтқанда, кейбір медициналық қызмет көрсетуші тұлғалардың тиісті лицензиялары мен маман сертификаттарының болмауы, санитарлық талаптардың сақталмауы, сондай-ақ медициналық қызмет көрсету стандарттарының бұзылу фактілері тіркелді.

Анықталған кемшіліктер тұрғындардың денсаулығына қауіп төндіруі мүмкін екенін көрсетті.

Мониторинг нәтижесінде заңсыз медициналық қызмет көрсету фактілерінің алдын алу және анықталған бұзушылықтарды жою мақсатында Маңғыстау облыстық денсаулық сақтау басқармасына ақпарат беріліп, заңнамаға сәйкес шаралар алуға хат жолданды.

Осы хат негізінде «Қазақстан Республикасы Денсаулық Сақтау Министрлігі медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті» Республикалық Мемлекеттік Мекемесі тарапынан 11 субъектіге жоспардан тыс тексерістер жүргізіп, медициналық қызметке лицензияның жоқтығы, дәрілік заттардың сақталу режимінің бұзылуы, маман сертификатының жоқтығы т.б. бұзушылықтар анықталып, әкімшілік құқық бұзушылықтар негізінде 1,5 миллион теңгеден астам айыппұл салынды, 7 субъект лицензияға қосымшаларын заңдастырып (реттеп), 18 субъектінің лицензияларын қайтарып алғаны жөнінде ақпарат берді. Қай қызметте болсын, ең алдымен қарапайым халықтың мүддесін ойлау керек. Ал халықтың жанына бататыны күнделікті өмірде белең алып отырған, яғни халық арасында жиі кезігетін жемқорлық. Кейде халықтың мәселелері өз дәрежесінде шешілмеуінен, оларды жеңіл жолмен шешуге мәжбүрлейтінімізді, жемқорлыққа итермелейтінімізді аңғара бермейтінімізде рас. Сондықтан ең бірінші кезекте адамдарға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің барлық түрі еш кедергісіз жүзеге асырылуы қамтамасыз етілуі қажет. Демек, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» заңда қарастырылғандай, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жүйесінің негізі, әрине алдымен халықтың өмірін жақсартуды көздейтін шаралар мен мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы ымырасыз іс-қимыл болып табылады.

Қорытындылай келе, «Әділдік жоқ жерде пара белең алады», «Дүние - байлық не керек, денсаулығың болмаса, төрелігің не керек, халықтың көңілі толмаса» деген нақыл сөз мемлекеттік қызмет саласында еңбек етіп жүрген қызметкерлердің бағдары іспеттес. Шынында да, біз әділ төрелік жасап, жемқорлықтан жоғары тұрған жағдайда ғана халық сеніміне ие боламыз.

Дайрабай ҮСІПБАЕВ,
«Жаңару» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысы» РҚБ
Маңғыстау филиалының директоры.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛТАЙЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУДА ДАУЫС БЕРУ ТӘРТІБІ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Сайлау учаскесінде сол сайлау учаскесіндегі тізімге енгізілген сайлаушылар, сондай-ақ есептен шығару куәліктерін ұсынған адамдар жеке басын куәландыратын құжатын көрсетуі бойынша дауыс бере алады.

Әр сайлаушы жеке дауыс береді.

Сайлау бюллетені жасырын дауыс беруге арналған кабинада өзі жақтап дауыс беретін саяси партия атауының оң жағындағы бос шаршыға не «Бәріне қарсымын» деген жолдағы бос шаршыға белгі қою арқылы толтырылады.

Бюллетеньді өз бетінше толтыруға мүмкіндігі жоқ сайлаушы өзі сенетін және оның тегі дауыс бергеннен кейін сайлаушылардың тізіміне енгізіліп, тұсына сайлаушының бюллетень алғандығы жөнінде қолы қойылатын адамның көмегін пайдалануға хақылы.

Мыналар ондай адам болуға тиіс емес: сайлау комиссиясының мүшесі, жергілікті өкілді немесе атқарушы органның лауазымды адамы, кандидаттың сенім білдірген адамы, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілі, тиісті сайлау комиссиясында тіркелген байқаушы.

Толтырылған бюллетеньді сайлаушы дауыс беруге арналған жәшікке салады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ.

АДАМ.ҚОҒАМ.ЗАҢ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ САПАСЫН АРТТЫРУ – БАСТЫ МІНДЕТ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САПАСЫН АРТТЫРУ ЖӘНЕ АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ – МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫНЫҢ БІРІ.



Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметін дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы негізінде азаматтарға бағытталған сервистік мемлекеттік аппарат қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінуде.

Қазіргі әлемдік практикада мемлекеттік қызметтің сервистілік және клиентке бағдарлану қағидаттарына негізделген моделі айтарлықтай белсенді дамуда.

Мемлекеттік қызметтің сервистілік және клиентке бағдарлану қағидаттарына негізделген моделінің негізінде бір жағынан, ел азаматтарының, екінші жағынан, мемлекеттік қызметтің өзара міндеттемелерін бекітетін нормалар қамтылады.

Осы бағытта Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді жетілдіру және оларды көрсету тәртібін қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкестендіру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді.

Аталған жұмыстар аясында «Еңбекші көшіп келушіге рұқсаттар беру, ұзарту және кері қайтарып алу» мемлекеттік қызметін көрсету барысында нормативтік талаптар мен ақпараттық жүйеде көзделген мүмкіндіктер арасында сәйкессіздік анықталды.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2022 жылғы 15 сәуірдегі №123 бұйрығымен бекітілген Қағидалардың 36-тармағында еңбекші көшіп келушіге берілген рұқсатты кері қайтарып алудың бір ғана негізі көзделген болатын.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметті көрсету кезінде қолданылатын «Шетелдік жұмыс күші» ақпараттық жүйесінде рұқсатты кері қайтарып алудың бірнеше негізі қарастырылған. Олардың қатарында уәкілетті органдардың тиісті актісі, жарамсыз құжаттарды ұсыну, Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу, еңбек шартының бұзылуы, сот шешімі және басқа да жағдайлар қамтылған.

Яғни, нормативтік құжатта көзделген талаптар мен ақпараттық жүйеде қарастырылған мүмкіндіктердің арасында айырмашылық болған. Мұндай сәйкессіздік мемлекеттік қызмет көрсету кезінде құқықтық түсініспеушіліктерге, қызмет көрсету тәртібін әртүрлі түсіндіруге және қызмет алушылардың құқықтарын іске асыру барысында қиындықтарға әкелуі мүмкін.

Осы мәселені шешу мақсатында Департамент мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді жетілдіру бойынша тиісті ұсыныс енгізіп, «Еңбекші көшіп келушіге рұқсатты кері қайтарып алу» мемлекеттік қызметінің кіші түрі бойынша Қағидалар талаптары мен ақпараттық жүйедегі мәліметтерді өзара сәйкестендіру қажеттігін ұсынды.

Аталған ұсыныс қолдау тауып, тиісті өзгерістер енгізілді. Нәтижесінде «Еңбекші көшіп келушіге рұқсаттар беру, ұзарту және кері қайтарып алу» мемлекеттік қызметін көрсету тәртібіндегі нормативтік талаптар ақпараттық жүйеде көзделген мүмкіндіктермен сәйкестендірілді.

Енгізілген өзгерістер, ең алдымен, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде құқықтық айқындықты қамтамасыз етуге, мемлекеттік органдардың жұмысын өзара үйлестіруге және қызмет алушылардың құқықтарын қорғауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, нормативтік талаптар мен ақпараттық жүйелердің өзара сәйкестігі мемлекеттік қызмет көрсету процесін барынша түсінікті, ашық әрі бірізді етуге ықпал етеді.

Мемлекеттік қызметтерді жетілдірудің негізгі мақсаты – тек нормативтік талаптарды өзгерту немесе ақпараттық жүйелерді жаңарту ғана емес. Ең бастысы – азаматтар мен өзге де қызмет алушылар үшін мемлекеттік қызметтерді түсінікті, қолжетімді және тиімді ету.

Осы ретте мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы құқықтық нормалар мен цифрлық құралдардың өзара үйлесімді жұмыс істеуі – сапалы мемлекеттік қызмет көрсетудің маңызды негіздерінің бірі.

Мемлекеттік қызмет көрсету үдерістерін жетілдіру, құқықтық айқындықты қамтамасыз ету және қызмет алушылардың құқықтарын қорғау бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады.

Жастар және мемлекеттік қызмет: ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР КЕЗЕҢІ

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ 2026 ЖЫЛҒЫ 1 ШІЛДЕДЕН БАСТАП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ.

Жаңа заңда жастардың мемлекеттік қызметке ерте араласуына және кәсіби тұрғыдан қалыптасуына мүмкіндік беретін маңызды тетіктер қарастырылған. Оның негізгі мақсаты – мемлекеттік қызметке қажетті білімі мен дағдысы бар жас мамандарды даярлап, оларды елге қызмет етуге бағыттау.

Мемлекеттік қызметке кәсіби әрі білікті кадрларды тарту мақсатында азаматтарды мемлекеттік қызметке кіруге даярлаудың жаңа жүйесі қарастырылған.

Жүйе екі бағытты қамтиды: төменгі лауазымдарға ерте кәсіптік бағдарлау арқылы даярлау және басшы лауазымдарға даярлау.

Бірінші бағыт бойынша азаматтар бакалавриат бағдарламасында білім ала отырып, мемлекеттік қызметке қажетті кәсіби дағдыларды, құқықтық мәдениетті, қазақстандық патриотизм мен қызметтік әдеп қағидаларын меңгереді. Даярлықты аяқтаған азаматтар оқуын бітіргеннен кейін екі жыл ішінде конкурссыз жергілікті атқарушы органдардағы төменгі лауазымдарға орналаса алады.

Екінші бағыт басшы кадрларды даярлауға бағытталған. Бұл бағдарлама бойынша азаматтар Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында магистратурада оқиды. Даярлықты аяқтағандар белгіленген тәртіппен орталық мемлекеттік органдарда және жергілікті атқарушы органдарда басшы лауазымдарға орналасу мүмкіндігіне ие болады.

Бұл ретте білім алушылар оқуды аяқтағаннан кейін үш жыл ішінде мемлекеттік қызметте жұмыспен өтеу міндеттемесін қабылдайды. Міндеттемелер орындалмаған жағдайда бюджет қаражаты есебінен оқуға жұмсалған шығыстарды өтеу көзделеді.

Жастар үшін заңда мемлекеттік қызметке орналасудың жаңа мүмкіндігі де қарастырылған. Бұған дейін қолданыстағы заңнамаға сәйкес конкурссыз мемлекеттік қызметке орналасу мүмкіндігі негізінен мемлекеттік тапсырыс шеңберінде білім алған үздік түлектерге берілсе, қазіргі заң талаптарына сәйкес бұл мүмкіндік кеңейтілді. Енді жоғары оқу орнын ақылы негізде аяқтаған, оқу нәтижесі жоғары және GPA көрсеткіші 3,33-тен төмен емес үздік түлектер де оқуын аяқтаған күннен бастап бір жыл ішінде еңбек өтілін талап етпейтін аудандық және ауылдық деңгейдегі мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға конкурстан тыс тағайындала алады.

Бұл өзгерістер жас мамандардың мемлекеттік қызметке келу жолын жеңілдетуге бағытталған. Яғни жоғары оқу орнын жақсы аяқтаған, білімі мен қабілеті бар жастар үшін мемлекеттік қызметке алғашқы қадам жасауға қолайлы жағдай жасалмақ.

Ең бастысы – бұл мүмкіндік жастарға ғана емес, мемлекетке де тиімді. Себебі елдің болашағын ойлайтын, заманауи білімді және кәсіби мамандардың мемлекеттік басқару жүйесіне ерте келуі мемлекеттік қызметтің сапасын арттыруға ықпал етеді.

Бүгінгі студент – ертеңгі маман. Ал осындай бағдарламалар сол жастың өз қабілетін ел игілігіне жұмсауына нақты жол ашады.

Т.ЖҰМАҒҰЛОВ,
Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Маңғыстау облысы бойынша департаментінің басшысы.

МАМАН КЕҢЕСІ

ТУБЕРКУЛЕЗ

ТУБЕРКУЛЕЗ ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ КӨП ТАРАЛҒАН ИНФЕКЦИЯЛАРДЫҢ БІРІ. ТУБЕРКУЛЕЗ – БҰЛ ӨКПЕ ЖӘНЕ ЛИМФА ТҮЙІНДЕРДЕ ЕРЕКШЕ ҚАБЫНУ ӨЗГЕРІСТЕРІНІҢ ПАЙДА БОЛУЫМЕН СИПАТТАЛАТЫН ЖҰҚПАЛЫ АУРУ. ТУБЕРКУЛЕЗ – БҰЛ ТЕК ӨКПЕ АУРУЫ ҒАНА ЕМЕС, СОНЫМЕН ҚАТАР АДАМНЫҢ БАРЛЫҚ АҒЗАЛАРЫНЫҢ – СҮЙЕКТЕРДІҢ, БҮЙРЕКТЕРДІҢ, МИДЫҢ ЖӘНЕ МИ ҚАБЫҚТАРЫНЫҢ, ТЕРІНІҢ, КӨЗДІҢ ЖӘНЕ БАСҚА АҒЗАЛАРДЫҢ ДА ЗАҚЫМДАНУЫ. АЛАЙДА ӨКПЕ ТУБЕРКУЛЕЗІ ЖИІ КЕЗДЕСЕДІ.



Жұқтырудың негізгі көзі – туберкулездің ашық түрімен ауыратын, яғни сыртқы ортаға микобактерияны бөлетін адам. Туберкулез адамнан адамға ауамен таралады. Жөтелгенде, түшкіргенде немесе қақырғанда өкпе туберкулезі бар адамдар ауаға туберкулез бактерияларын жаяды. Жұқтыру үшін адамға осындай бактериялардан сәл ғана дем алуы жеткілікті. Туберкулез қоздырғышының сыртқы ортада ұзақ уақыт сақталу қабілеті бар, мысалы, микобактериялар тозаңданған, көгерген үй-жайларда адам үшін қауіпті болып қала отырып, жылдар бойы өмір сүруге қабілетті. Науқас адам жөтелгенде қақырықпен бірге, түшкіру, сөйлеген кезде қоршаған ортаға ауада таралатын миллиондаған микобактерияларды бөледі. Туберкулез ауруына тек адамдар ғана емес, сонымен қатар малдар да шалдығады: сиыр, ешкі, бұғы, түйелер. Ауру жануардың сүті, немесе еті адам үшін жұқтыру көзі болуы мүмкін.

Сондықтан науқас өмір сүретін жерде санитариялық жағдайлар мен сақтық шараларын сақтау өте маңызды.

Егер өкпе туберкулезімен ауыратын науқас барлық гигиеналық талаптарды сақтаса, онда ол айналасындағыларға қауіпсіз. Өкпе туберкулезі тұқым қуаламайды. Туберкулез ауруымен ауыратын ата-аналардың балалары сау болып туады. Алайда, барлық сақтық шараларын сақтамаған жағдайда бала туберкулезді жұқтырып, ауырып қалуы мүмкін.

Туберкулез ауруына ықпал ететін факторлар

– толыққанды тамақтанудың болмауы.

– туберкулезбен ауыратындармен тығыз, ұзақ қарым-қатынас жасау (кішкентай балаларға қысқа мерзімді қарым-қатынастың өзі жеткілікті).

– маскүнемдік.

– темекі шегу.

– нашақорлық.

– ілеспе аурулардың болуы (диабет, асқазан жарасы, өкпенің созылмалы аурулары).

Туберкулез белгілері

– ұзақтығы екі аптадан асатын жөтел

– шаршау және әлсіздік

– дене салмағының төмендеуі

– температураның ұзақ көтерілуі

– түнде тершеңдік

– кеуде қуысындағы ауырсыну

– қан түкіру

Туберкулезді қалай анықтауға болады?

1. Тері туберкулин сынамасы (Манту) адамның жұқтырғанын көрсетеді.

2. Рентгенологиялық тексеру (флюорография) өкпенің зақымданғанын көрсетеді.

3. Қақырықты зерттеу жөтел кезінде бөлінетін микробтардың баржоғын анықтайды.

Туберкулездің алдын алу шаралары

1. Салауатты өмір салты. Бұл мақсатқа жету үшін ең жақсы жолы – күн тәртібін құру және ағзаны шынықтыру.

2. Таза ауада серуендеу, күн және су процедуралары, дене шынықтырумен айналысу, демалыс пен еңбек жүктемесінің дұрыс үйлесімі, толыққанды, дәрумендерге бай тамақтану, жеткілікті және уақытылы ұйқы, яғни дұрыс гигиеналық тәртіп адам ағзасының нығаюына ықпал етеді және оны туберкулез ауруынан қорғайды.

3. Жыл мезгіліне қарамастан, таза ауада мүмкіндігінше көбірек болу қажет, өйткені таза ауа ағзаға жақсы әсер етеді және шынығудың тамаша жолы болып табылады.

4. Жеке гигиена ережелерін сақтау: жуу құралдарын және ағынды суды пайдалана отырып, қолды, ыдыстарды жуу, тұрғын үй-жайларды ылғалды жинау және желдету, ет пен сүтті міндетті термалық өңдеу, жеке гигиеналық құралдар мен ыдыстарды пайдалану, су процедуралары – сүртіну, құю, душ.

5. Жөтел этикетін сақтау

6. Гигиеналық тәртіптің маңызды бөлімі дұрыс тамақтану болып табылады. Адам тәбетінің жоғарылауына ықпал ететін және ағзамен жақсы сіңіретін түрлі тағамдарды жеу керек. Тағам құрамына ақуыздар, майлар мен көмірсулардан басқа, міндетті түрде витаминдер мен минералды тұздар кіруі тиіс. Ақуыздар ет, сүт, сүзбе, жұмыртқада болады; көмірсулар – қант, нан, картоп, жармада.

Г.СҰЛТАНҒАЛИЕВА,
аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.

МӘДЕНИЕТ

ӨНЕРЛІ ЖАСТАР – ЕЛ БОЛАШАҒЫ

ЖАСТАР КҮНІНЕ ОРАЙ АУЫЛЫМЫЗДА ӨНЕРЛІ ӨРЕНДЕРДІҢ БАСЫН ҚОСҚАН «ONER GEN» АТТЫ МЕРЕКЕЛІК ШАРА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ. КЕШ БАРЫСЫНДА ЖАСТАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ МЕН ТАЛАНТЫН ТАНЫТАТЫН КОНЦЕРТТІК БАҒДАРЛАМА ҰСЫНЫЛДЫ.



Шараның көркін үлгілі «Алтынай» би ансамблінің есептік концерті айшықтай түсті. Жыл бойы шығармашылық ізденіс үстінде жас бишілер сахна төрінде өздерінің дайындаған мың бұралған билерін көрермен назарына ұсынды.

Әсем қимыл мен сахналық шеберлік, үйлесімділік пен ұлттық нақыш үйлесім тапқан қойылымдар көрермен көңілінен шықты. Әрбір биден жас өнерпаздардың еңбегі мен ізденісі анық байқалды.

Ансамбль жетекшісі Назкен Рахатқызының шәкірттеріне бағыт-бағдар беріп, олардың өнерге деген қызығушылығын арттырудағы еңбегі де ерекше аталды. Жас бишілердің шығармашылық қабілетін шыңдап, сахна мәдениетін қалыптастыруға қосқан үлесі көпшілік тарапынан жоғары бағаланды.

Шара соңында ансамбль жетекшісі Назкен Рахатқызына мәдениет пен өнер саласына қосқан үлесі, жастардың шығармашылық қабілетін дамытуға атсалысқаны үшін Алғыс хат табысталды.

Өнерді серік еткен жастардың басын қосқан «Oner Gen» мерекелік шарасы көтеріңкі көңіл күймен қорытындыланды. Сахнаға шыққан әр жас өнерпаздың талпынысы – ұлттық өнерді дәріптеп, оның келешегін қалыптастыруға қосылған өзіндік үлес.

А.МҮКІШ,
Онды ауылдық мәдениет қызметкері.

«МАҢҒЫСТАУДЫҢ ШӘМШІСІ» АТАНҒАН КОМПОЗИТОР МАРАТ ОРДАБАЕВТЫҢ 65 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН «БИІКТІК» АТТЫ ТАҒЫЛЫМДЫ КЕШ ӨТТІ.

«БИІКТІК» – ӨНЕР МЕН ӨНЕГЕНІ ТОҒЫСТЫРҒАН ТАҒЫЛЫМДЫ КЕШ

12 тамызда «Адай ата – Отпан тау» тарихи-мәдени кешенінде «Отпан» МКҚК мен Жыңғылды ауылдық мәдениет үйінің ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының мәдениет саласының үздігі, Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері, әнші-композитор Марат Ордабаевтың 65 жылдығына арналған «Биіктік» атты еске алу кеші ұйымдастырылды.

Өнер иесінің мерейтойына арналған мазмұнды шара Отпан таудағы «Қарашаңырақ» ғимаратында өтіп, ерекше форматымен көрермен көңілінен шықты. Жанды дауыста, акустикалық бағытта өткен кеште композитордың сырлы әндері орындалып, сазгердің шығармашылық жолы мен өмірінен сыр шертер естеліктер айтылды.

Кешке облысымыздың гитарада ойнайтын өнерпаздары арнайы қатысып, М.Ордабаевтың әндерін өзіндік нақышта орындады. Композитордың әуезді әндерімен қатар, оның шығармаларының шығу тарихы, әр туындының астарындағы сыр мен сезім жайлы әңгімелер айтылып, көрерменге өнер иесінің шығармашылық әлеміне жақынырақ үңілуге мүмкіндік берді.

Кештің ең әсерлі сәттерінің бірі – М.Ордабаевтың арнайы қонақ болып келген апалары Бақыт пен Айсұлудың сахна төріне шығып, бауырларын еске алып ән орындауы болды. Балалық шақтан бірге өткен күндерді, бауырлар арасындағы сыйластықты еске алған апаларының әңгімесі көпшіліктің көңілін толқытты.

Сазгердің жары Ұлзира да композитордың өнердегі өнегелі жолынан сыр шертіп, оның көптеген әндерінің шығу тарихын баяндады. Әсіресе, елімізге танымал әнші Ақылбек Жеменейдің өнер жолындағы айтулы бір белесіне Марат Ордабаевтың қосқан үлесін атап өтті.

Ұлзираның айтуынша, Ақылбек Жеменей алғаш рет «Әнші балапан» балалар байқауына қатысқан кезде, Марат Ордабаев жас өнерпаздың орындауындағы «Сүгірдің термесін» эстрадалық бағытта дайындап, байқауда бірінші орын алуына себепші болған. Бұл – ұстаздық пен композиторлық шеберліктің, жас талантқа деген жанашырлықтың жарқын үлгісі. Осындай естеліктер арқылы Марат Ордабаевтың тек тамаша композитор ғана емес, жас өнерпаздарға жол сілтеген білікті ұстаз, өнер жанашыры болғаны да айқын сезілді.

Сондай-ақ Жыңғылды ауылдық мәдениет үйінің өнерпаздарынан құралған ансамбль Марат Ордабаевтың «Ақтауым – ару әз мекен» әнін орындап, кештің шымылдығын жапты.

Кеш соңында ұйымдастырушылар тарапынан қонақтар мен өнерпаздарға естелік сыйлықтар табысталды.

«Биіктік» – бір ғана композитордың мерейтойына арналған кеш емес, өнерді ұлықтаған, өткенді бағалаған, ағайынның басын қосқан, ұрпаққа өнеге болар тағылымды жүздесу болды.

Марат Ордабаевтың артында қалған әндері – оның жүрегінен шыққан сырлы мұрасы. Ал сол әндерді бүгінгі ұрпақтың орындауы – композитор есімінің ел жадында әлі де жаңғырып, өнердегі биігінің аласармайтынының белгісі.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

«ЖАЛҒЫЗТӨБЕМҰНАЙ» ЕЖШС

келесі жобалар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды:

• 2027–2029 ж. арналған рұқсат етілген шығарындылар нормативтері жобасы;
• 2027–2029 ж. арналған табиғат қорғау іс-шараларының жоспары;
• 2027–2029 ж. арналған өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы;
• 2027–2029 ж. арналған рұқсат етілген төгінділер нормативтері жобасы;
• 2027–2029 ж. арналған қалдықтарды басқару бағдарламасының жобасы;
• Жалғызтөбе кен орнындағы өндіруші ұңғымалардан мұнай жинау жүйесін жаңғырту;
• Жалғызтөбе кен орнындағы ДНС-1 кеңейту – суды алдын ала ағызу қондырғысы.

Учаскенің және әсер ету аумағының географиялық координаттары: 45.029531, 51.376787.

Тыңдаулар 2026 жылы 24 қыркүйекте сағат 15:00-де өтеді.

Өтетін орны: Маңғыстау ауданы, Тұщықұдық ауылы, Тұщықұдық ауылдық мәдениет үйі.

ZOOM платформасы: https://us06web.zoom.us/j/88606625594?pwd=eqmUma0d7UInLWjhihfu6GzIC6B4X9.1

Конференция идентификаторы: 886 0662 5594

Қолжетімділік коды: 669911

Тұтынушы: «ЖАЛҒЫЗТӨБЕМҰНАЙ» ЕЖШС, БСН 050340002312, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 19-шағынаудан, 8-ғимарат, тел.: 8 (7292) 30-28-76, .

Жобаны әзірлеушілер: «AccuTest» ЖШС, БСН 120840013619 тел./факс: 8 (7292) 20-31-84, e-mail: labtest64@gmail.com.

«Арустамова Е.Р.» ЖК, Ақтау қ., 14-22-50, тел.: +7 7701 367 80 71, e-mail: a.ekaterina14@mail.ru

Құжаттама https://ndbecology.gov.kz порталында және https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents интернет-ресурсында орналастырылған.

Материалдарды сұратуға болатын электрондық пошта мекенжайы: labtest64@gmail.com.

Ескертулер мен ұсыныстар https://ndbecology.gov.kz ақпараттық жүйесінің сайтында және s.bazarbay@mangystau.gov.kz ЖАО электрондық пошта мекенжайыда қабылданады.

ДТОО «ЖАЛГИЗТОБЕМУНАЙ»

сообщает о проведении общественных слушаний по проектам:

• Проект нормативов допустимых выбросов на 2027–2029 гг;
• План природоохранных мероприятий на 2027–2029 гг;
• Программа производственного экологического контроля на 2027–2029 гг;
• Проект нормативов предельно допустимых сбросов на 2027–2029 гг;
• Проект программы управления отходами на 2027–2029 гг;
• Расширение ДНС-1 на месторождении Жалгиз- тобе – установка предварительного сброса воды;
• Модернизация системы сбора нефти от добывающих скважин на месторождении Жалгизтобе.

Географические координаты участка и географические координаты территории воздействия: 45.029531, 51.376787

Слушания состоятся: 24 сентября 2026 года в 15:00 часов

Место проведения: Мангистауский район, с. Тущыкудык, Тущыкудыкский сельский Дом культуры.

Платформа ZOOM:
https://us06web.zoom.us/j/88606625594?pwd=eqmUma0d7UInLWjhihfu6GzIC6B4X9.1

Идентификатор конференции: 886 0662 5594

Код доступа: 669911

Заказчик: ДТОО «ЖАЛГИЗТОБЕМУНАЙ», БИН 050340002312, г.Актау, Мангистауская область, мкр. 19, зд. 8, тел. 8 (7292) 30-28-76; .

Разработчики: ТОО «AccuTest», БИН 120840013619 тел/факс: 8 (7292) 20-31-84, эл. адрес: labtest64@gmail.com;

ИП Арустамова Е.Р. г. Актау, 14-22-50, тел. +7 7701 367 80 71,e-mail: a.ekaterina14@mail.ru.

Документация размещена на портале https://ndbecology.gov.kz, и интернет-ресурсе https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/

Адрес электронной почты по которой можно запросить материалы: labtest64@gmail.com

Замечания и предложения принимаются на сайте информационной системы https://ndbecology.gov.kz, и по электронной почте МИО s.bazarbay@mangystau.gov.kz

№350

МҰРАГЕРЛІК

Нотариус Өтетілеуова Гүлнұр Оразбекқызы 2026 жылы 20 ақпанда қайтыс болған **КЕНЖАЛИЕВА МАГРИФА КАИРГАЛИЕВНАның** мұрагерлеріне іздеу салады. Барлық мұрагерлеріне осы хабарлама шыққан күннен бастап бір ай мерзім ішінде Маңғыстау ауданы, Шетпе ауылы, Орталық көшесі, 43-ғимарат нотариус кеңсесіне хабарласуларыңызды сұрайды.

Тел: 8 708 302 36 04

№353

Нотариус Ауданбаева Г. 2026 жылы 19 сәуірде қайтыс болған **КАРАМУРЗИН МУНАЛ ОНДАБАЕВИЧтің** мұрагерлеріне іздеу салады. Барлық мұрагерлеріне осы хабарлама шыққан күннен бастап бір ай мерзім ішінде Маңғыстау ауданы, Шетпе ауылы, Орталық ш/а №1 үй, 4-пәтер мекенжайы бойынша орналасқан нотариус кеңсесіне хабарласуларыңызды сұрайды.

Тел: 8 702 303 90 80

№347

Нотариус Ауданбаева Г. 2016 жылы 1 сәуірде қайтыс болған **БОТАБАЕВА АЙБИЛЕК ХАСАНОВНАның** мұрагерлеріне іздеу салады. Барлық мұрагерлеріне осы хабарлама шыққан күннен бастап бір ай мерзім ішінде Маңғыстау ауданы, Шетпе ауылы, Орталық ш/а №1 үй, 4-пәтер мекенжайы бойынша орналасқан нотариус кеңсесіне хабарласуларыңызды сұрайды.

Тел: 8 702 303 90 80

№349

Нотариус Ауданбаева Г. 2026 жылы 23 ақпанда қайтыс болған **ҚУАНТҚАНОВ АСЫЛБЕК ҚУАНТҚАНҰЛЫның** мұрагерлеріне іздеу салады. Барлық мұрагерлеріне осы хабарлама шыққан күннен бастап бір ай мерзім ішінде Маңғыстау ауданы, Шетпе ауылы, Орталық ш/а №1 үй, 4-пәтер мекенжайы бойынша орналасқан нотариус кеңсесіне хабарласуларыңызды сұрайды.

Тел: 8 702 303 90 80

№342

МЕНШІК ИЕСІ:
МАҢҒЫСТАУ MEDIA ЖШС
Директордың м.а. – Сұлтанбек ҚҰДАЙБЕРГЕН
Қабылдау бөлімі, тел./факс: 20-48-34, mangystau.media@mail.ru

ЖАҢА ӨМІР
аудандық қоғамдық-саяси газет
Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 6.02.2013 ж. есепке қойылып, №13356-Г куәлігі берілген.
Редактор – А.РАХМЕТОВА

Газет «Маңғыстау-Медиа» ЖШС Ақпарат және дизайн орталығында беттелді.
Беттеуші дизайнерлер: Эльмира СЕЙДАХМЕТОВА, Асем РАБАЕВА.
«ӨНЕРІМ» ЖШС баспаханасында басылды.
Ақтау қаласы, 22-шағын аудан, 38/3.
Телефон: +7 777 012 22 38.

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді.
Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
Жарнама, хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді.
Редакцияға жолданған материалдарға рецензия жасалмайды және қолжазба авторға қайтарылмайды.
Тақырыптық суреттер ғаламтордан алынады.

Тапсырыс нөмірі: 182
Таралымы: 343
Индекс: 65612
Газеттің бағасы келісімді

АУА РАЙЫ БОЛЖАМЫ

20 тамыз
түнде: +25 | күндіз:+35

21 тамыз
түнде: +24 | күндіз:+32

22 тамыз
түнде: +20 | күндіз:+33

23 тамыз
түнде: +22 | күндіз:+35

24 тамыз
түнде: +24 | күндіз:+37

ЖАУАПКЕРШІЛІГІ
ШЕКТЕУЛІ
СЕРІКТЕСТІК
ПРОДАКШН СТУДИЯ
«TIADA»
13000 Қазақстан Республикасы, Ақтау қ.,
2 шағын аудан, «Сұңқар» БО, 405 кеңсе
БИН 100140012077,
тел 8 (7292) 600 555
tiada.kz@mail.ru

ТОВАРИЩЕСТВО
С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ
ПРОДАКШН СТУДИЯ
«TIADA»
13000 Республика Казахстан, г Актау,
2 микрорайон, БЦ «Сункар» 405 офис
БИН 100140012077,
тел 8 (7292) 600 555
tiada.kz@mail.ru

исх. №089
от 19.08.2026 г

ЭФИРНАЯ СПРАВКА

Настоящим, ТОО «Продакшн студия «TIADA» подтверждает, что 19 августа 2026 года состоится размещение информационного материала на государственном и русском языках в эфире телеканала **«ASTANA TV»** г. Актау и Мангистауской области в рубрике **«БЕГУЩАЯ СТРОКА»** следующего содержания:

«ЖАЛҒЫЗТӨБЕМҰНАЙ» ЕЖШС келесі жобалар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды:
• 2027–2029 ж. арналған рұқсат етілген шығарындылар нормативтері жобасы;
• 2027–2029 ж. арналған табиғат қорғау іс-шараларының жоспары;
• 2027–2029 ж. арналған өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы;
• 2027–2029 ж. арналған рұқсат етілген төгінділер нормативтері жобасы;
• 2027–2029 ж. арналған қалдықтарды басқару бағдарламасының жобасы;
• Жалғызтөбе кен орнындағы өндіруші ұңғымалардан мұнай жинау жүйесін жаңғырту;
• Жалғызтөбе кен орнындағы ДНС-1 кеңейту — суды алдын ала ағызу қондырғысы.
Тыңдаулар 2026 жылы 24 қыркүйекте сағат 15:00-де өтеді.
Өтетін орны: Маңғыстау ауданы, Тұщықұдық ауылы, Тұщықұдық ауылдық мәдениет үйі.
Тұтынушы: «ЖАЛҒЫЗТӨБЕМҰНАЙ» ЕЖШС, БСН 050340002312, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 19-шағынаудан, 8-ғимарат, тел.: 8 (7292) 30-28-76, .
Жобаны әзірлеушілер: «AccuTest» ЖШС, БСН 120840013619 тел./факс: 8 (7292) 20-31-84, e-mail: labtest64@gmail.com.
«Арустамова Е.Р.» ЖК, Ақтау қ., 14-22-50, тел.: +7 7701 367 80 71, e-mail: a.ekaterina14@mail.ru
Құжаттама https://ndbecology.gov.kz порталында және https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents интернет-ресурсында орналастырылған.
Материалдарды сұратуға болатын электрондық пошта мекенжайы: labtest64@gmail.com.
Ескертулер мен ұсыныстар https://ndbecology.gov.kz ақпараттық жүйесінің сайтында және s.bazarbay@mangystau.gov.kz ЖАО электрондық пошта мекенжайыда қабылданады.

ДТОО «ЖАЛГИЗТОБЕМУНАЙ» сообщает о проведении общественных слушаний по проектам:
- Проект нормативов допустимых выбросов на 2027–2029 гг;
- План природоохранных мероприятий на 2027–2029 гг;
- Программа производственного экологического контроля на 2027–2029 гг;
- Проект нормативов предельно допустимых сбросов на 2027–2029 гг;
- Проект программы управления отходами на 2027–2029 гг;
- Расширение ДНС-1 на месторождении Жалгизтобе — установка предварительного сброса воды;
- Модернизация системы сбора нефти от добывающих скважин на месторождении Жалгизтобе.

Слушания состоятся: 24 сентября 2026 года в 15:00 часов
Место проведения: Мангистауский район, с. Тущыкудык, Тущыкудыкский сельский Дом культуры.
Заказчик: ДТОО «ЖАЛГИЗТОБЕМУНАЙ», БИН 050340002312, г.Актау, Мангистауская область, мкр. 19, зд. 8, тел. 8 (7292) 30-28-76; .
Разработчики: ТОО «AccuTest», БИН 120840013619 тел/факс: 8 (7292) 20-31-84, эл. адрес: labtest64@gmail.com;
ИП Арустамова Е.Р. г. Актау, 14-22-50, тел. +7 7701 367 80 71,e-mail: a.ekaterina14@mail.ru.
Документация размещена на портале https://ndbecology.gov.kz, и интернет-ресурсе https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/
Адрес электронной почты по которой можно запросить материалы: labtest64@gmail.com
Замечания и предложения принимаются на сайте информационной системы https://ndbecology.gov.kz, и по электронной почте МИО s.bazarbay@mangystau.gov.kz

Директор ТОО «Продакшн студия «TIADA» Тилеуов Р.К.

«ЖАЛҒЫЗТӨБЕМҰНАЙ» ЕЖШС

келесі жобалар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды:

- 2027–2029 ж. арналған рұқсат етілген шығарындылар нормативтері жобасы;
- 2027–2029 ж. арналған табиғат қорғау іс-шараларының жоспары;
- 2027–2029 ж. арналған өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы;
- 2027–2029 ж. арналған рұқсат етілген төгінділер нормативтері жобасы;
- 2027–2029 ж. арналған қалдықтарды басқару бағдарламасының жобасы;
- Жалғызтөбе кен орнындағы өндіруші ұңғымалардан мұнай жинау жүйесін жаңғырту;
- Жалғызтөбе кен орнындағы ДНС-1 кеңейту — суды алдын ала ағызу қондырғысы.

Учаскенің және әсер ету аумағының географиялық координаттары: 45.029531, 51.376787.

Тыңдаулар 2026 жылы 24 қыркүйекте сағат 15:00-де өтеді.

Өтетін орны: Маңғыстау ауданы, Тұщықұдық ауылы, Тұщықұдық ауылдық мәдениет үйі.

ZOOM платформасы:
https://us06web.zoom.us/j/88606625594?pwd=eqmUma0d7UInLWjhihfu6GzIC6B4X9.1
Конференция идентификаторы: 886 0662 5594
Қолжетімділік коды: 669911

Тұтынушы: «ЖАЛҒЫЗТӨБЕМҰНАЙ» ЕЖШС, БСН 050340002312, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 19-шағынаудан, 8-ғимарат, тел.: 8 (7292) 30-28-76, .
Жобаны әзірлеушілер: «AccuTest» ЖШС, БСН 120840013619 тел./факс: 8 (7292) 20-31-84, e-mail: labtest64@gmail.com.
«Арустамова Е.Р.» ЖК, Ақтау қ., 14-22-50, тел.: +7 7701 367 80 71, e-mail: a.ekaterina14@mail.ru

Құжаттама https://ndbecology.gov.kz порталында және https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents интернет-ресурсында орналастырылған.

Материалдарды сұратуға болатын электрондық пошта мекенжайы: labtest64@gmail.com.

Ескертулер мен ұсыныстар https://ndbecology.gov.kz ақпараттық жүйесінің сайтында және s.bazarbay@mangystau.gov.kz ЖАО электрондық пошта мекенжайыда қабылданады.

ДТОО «ЖАЛГИЗТОБЕМУНАЙ»

сообщает о проведении общественных слушаний по проектам:

- Проект нормативов допустимых выбросов на 2027–2029 гг;
- План природоохранных мероприятий на 2027–2029 гг;
- Программа производственного экологического контроля на 2027–2029 гг;
- Проект нормативов предельно допустимых сбросов на 2027–2029 гг;
- Проект программы управления отходами на 2027–2029 гг;
- Расширение ДНС-1 на месторождении Жалгизтобе — установка предварительного сброса воды;
- Модернизация системы сбора нефти от добывающих скважин на месторождении Жалгизтобе.

Географические координаты участка и географические координаты территории воздействия: 45.029531, 51.376787

Слушания состоятся: 24 сентября 2026 года в 15:00 часов

Место проведения: Мангистауский район, с. Тущыкудык, Тущыкудыкский сельский Дом культуры.

Платформа ZOOM:
https://us06web.zoom.us/j/88606625594?pwd=eqmUma0d7UInLWjhihfu6GzIC6B4X9.1
Идентификатор конференции: 886 0662 5594
Код доступа: 669911

Заказчик: ДТОО «ЖАЛГИЗТОБЕМУНАЙ», БИН 050340002312, г.Актау, Мангистауская область, мкр. 19, зд. 8, тел. 8 (7292) 30-28-76; .
Разработчики: ТОО «AccuTest», БИН 120840013619 тел/факс: 8 (7292) 20-31-84, эл. адрес: labtest64@gmail.com;
ИП Арустамова Е.Р. г. Актау, 14-22-50, тел. +7 7701 367 80 71,e-mail: a.ekaterina14@mail.ru.

Документация размещена на портале https://ndbecology.gov.kz, и интернет-ресурсе https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/

Адрес электронной почты по которой можно запросить материалы: labtest64@gmail.com

Замечания и предложения принимаются на сайте информационной системы https://ndbecology.gov.kz, и по электронной почте МИО s.bazarbay@mangystau.gov.kz

20.08.2026г.
15:50

«ЖАЛҒЫЗТӨБЕМҰНАЙ» ЕЖШС
2027–2029 жылдарға арналған қоршаған ортаға әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін ұсынылатын құжаттар топтамасының материалдары бойынша баяндама:

- Атмосфераға ластаушы заттардың жол берілетін шығарындылары нормативтерінің жобасы;
- Шекті жол берілетін төгінділер нормативтерінің жобасы;
- Қалдықтарды басқару бағдарламасы;
- Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы;
- Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары;

- «Жалғызтөбе кен орнындағы №1 ДНС-ті кеңейту - суды алдын ала ағызу қондырғысы» жұмыс жобасына арналған «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі;
- «Жалғызтөбе кен орнындағы өндіру ұңғымаларынан мұнай жинау жүйесін жаңғырту» жұмыс жобасына арналған «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі

КӘСІПОРЫН ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

Жалғызтөбе мұнай кен орны Бозащы түбегінің орталық бөлігінде, Үлкен Сор шатқалының аумағында орналасқан. Кен орнының аумағы шығыстан батысқа қарай 8 км қашықтыққа созылып жатыр, ені 2–2,5 км құрайды. Әкімшілік-аумақтық тұрғыдан кен орны Қазақстан Республикасы Маңғыстау облысының Түпқараған ауданына жатады.

Облыс орталығы Ақтау қаласы кен орнынан 165 км қашықтықта орналасқан. Ең жақын елді мекендер: Қияқты ауылы – 30 км, Қаражанбас жұмысшы кенті – 30 км, Қызан ауылы – 65 км. Ірі мұнай кәсіпшіліктері Жалғызтөбе кен орнынан мынадай қашықтықта орналасқан: Солтүстік Бозащы – 10 км, Қаражанбас – 22 км, Қаламқас – 32 км.

Ауызсу көзі ретінде кен орнынан 30 км қашықтықта өтетін Қияқты–Қаламқас су құбыры пайдаланылады. Техникалық сумен жабдықтау үшін «ҚазТрансОйл» АҚ-ның «Астрахань–Маңғышлақ» су құбырынан автокөлікпен жеткізілетін тасымалды су пайдаланылады.

Электрмен жабдықтау кернеуі 10 кВ электр беру желісі арқылы жүзеге асырылады. Байланыс радиостанция және радиотелефон арқылы қамтамасыз етіледі.

Кәсіпорынның санитариялық-қорғау аймағының мөлшері – 1000 метр.

Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI ҚРЗ Экологиялық кодексінің 2-қосымшасына сәйкес объект әсер етудің I санатына жатады.



Жалғызтөбе кен орны орналасқан ауданның шолу картасы

АТМОСФЕРАНЫ ЛАСТАУ КӨЗІ РЕТІНДЕГІ ОПЕРАТОРДЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Жалғызтөбе кен орнында мынадай негізгі объектілер мен құрылыстар пайдаланылуда:

- Мұнай тапсыру пункті (МТП);
- Мұнай дайындау пункті (МДП);
- Пайдалану ұңғымалары;
- МТП-ға дейінгі газ құбырлары;
- ҚБМ-ге қосылу нүктесінен Мұнай дайындау пунктіне (МДП) дейінгі газ құбыры;
- МДП-дан № 2 ыстық су айдау қондырғысына (ЫСАҚ-2) дейінгі газ құбыры;
- МДП-дан МТП-ға дейінгі мұнай құбыры;
- Қабаттық қысымды ұстап тұру жүйесі (ҚҚҰ), ҚҚҰ ұңғымалары;
- № 1 қысымды көтеру сорғы станциясы (ҚКСС);
- Кәріздік тазарту құрылыстары (КТҚ);
- Тауарлық-материалдық құндылықтар қоймасы (ТМҚ);
- № 2 ыстық су айдау қондырғысы (ЫСАҚ-2);
- Ұңғымаларды күрделі және жерасты жөндеу (ҰКЖ және ҰЖЖ);
- Мұнайдың сапасы мен сапа көрсеткіштерін өлшеу жүйесі (МССКӨЖ);
- Вахталық кент.

Өндіруші ұңғымалардың пайдалану қоры **110 ұңғыманы** құрайды, оның ішінде **90 ұңғыма** – жұмыс істеп тұрған өндіруші ұңғымалар, **20 ұңғыма** – жұмыс істемейтін ұңғымалар.

Мұнай өндіру көлемі:

- 2027 жыл – **43 300 тонна**;
- 2028 жыл – **44 400 тонна**;
- 2029 жыл – **46 200 тонна**.

АТМОСФЕРАНЫ ЛАСТАУ КӨЗІ РЕТІНДЕГІ ОПЕРАТОРДЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Жалғызтөбе кен орнының объектілерінде жүргізілген түгендеу нәтижелеріне сәйкес, 2027–2029 жылдары атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының барлығы **174 көзі** болады, оның ішінде **77-і – ұйымдастырылған, 97-сі – ұйымдастырылмаған көздер**.

Атмосфералық ауаның негізгі ластануы дизель отынының жану өнімдерінің (дизельдік генераторлар, цементтеу машиналары мен агрегаттары, ұңғымаларды күрделі және жерасты жөндеу жабдықтары жұмыс істеген кезде), табиғи газдың жану өнімдерінің (пештер мен қазандық жұмыс істеген кезде), сондай-ақ технологиялық жабдықтардан бөлінетін көмірсутектердің жеңіл фракцияларының әсерінен болады.

2027 жылы стационарлық көздерден шығарылатын ластаушы заттар шығарындыларының көлемі **139,93 г/с немесе 265,01 т/жыл** құрайды.

2028–2029 жылдары стационарлық көздерден шығарылатын ластаушы заттар шығарындыларының көлемі **139,93 г/с немесе 266,33 т/жыл** құрайды.



Жол берілетін төгінділер нормативтері (НДС)

«Жалғызтөбемұнай» ЕЖШС-ның Жалғызтөбе кен орнындағы объектілерін сумен жабдықтау көздері:

- «ҚазТрансОйл» АҚ-мен жасалған шартқа сәйкес «Астрахань–Маңғышлақ» магистральдық су құбыры арқылы жеткізілетін Еділ суы;
- ауызсу қажеттіліктеріне автокөлікпен жеткізілетін ауызсу сапасындағы бөтелкедегі су.

Мұнай кәсіпшілігінде су мынадай қажеттіліктерге пайдаланылады:

- өндірістік қажеттіліктерге (мұнайды дайындау, ілеспе суды қабатқа айдау, мұнай ұңғымаларын күрделі және ағымдағы жөндеу және т.б.);
- шаруашылық-тұрмыстық қажеттіліктерге;
- вахталық кентті сумен жабдықтауға;
- өрт сөндіруге;
- өзге де қажеттіліктерге (аумақты және жасыл желектерді суаруға).

Жалғызтөбе кен орнының аумағында сарқынды сулардың үш түрі түзіледі:

- қабаттық сулар (пайдалы қазбамен – мұнаймен бірге өндірілетін ілеспе сулар);
- өндірістік сарқынды сулар (мұнайды дайындау процесінен кейінгі техникалық су);
- шаруашылық-тұрмыстық сарқынды сулар (жұмыс істейтін персоналдың тіршілік әрекеті барысында пайдаланылатын су).

Жол берілетін төгінділер нормативтері (НДС) Шаруашылық-тұрмыстық сарқынды суларды тазарту

Вахталық кенттен шығатын шаруашылық-тұрмыстық сарқынды сулар қолданыстағы септиктен № 1 кәріздік сорғы станциясына (КСС-1), одан әрі қысымды құбыр арқылы тазарту құрылыстарының алаңына (КТҚ алаңына) жіберіледі.

«Родник-25» шаруашылық-тұрмыстық және құрамы жағынан оларға ұқсас сарқынды суларды биологиялық тазарту модулі блоктық-модульдік тазарту құрылысы болып табылады.

«Родник-25» биологиялық тазарту модулі (бұдан әрі – «РОДНИК-25» модулі) шаруашылық-тұрмыстық (коммуналдық) немесе құрамы жағынан оларға ұқсас сарқынды суларды аэробты биологиялық тазартуға арналған. Оларға, мысалы, оттегінің биохимиялық қажеттілігі (ОБҚт), қалқымалы заттар, майлар, тоңмайлар, мұнай өнімдері және басқа да көрсеткіштер бойынша концентрациялары биологиялық тазартуға жарамды деңгейге дейін төмендетіліп, алдын ала тазартудан өткен тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарының сарқынды сулары жатады.

«Родник-25» модулі мынадай блоктардан тұрады:

- механикалық тазарту блогы;
- орташаландыру, нитрификация және денитрификация блогы;
- биологиялық тазарту блогы;
- технологиялық жабдықтар блогы.

Тазарту процесінен кейін тазартылған су көлемі 60 м^3 жинақтаушы сыйымдылыққа жиналады. Тазартылған су кен орнының аумағында шаңды басуға, жасыл желектерді суаруға, сондай-ақ автокөлік шиналарын жууға пайдаланылуы мүмкін.

Жол берілетін төгінділер нормативтері (НДС) Қабатқа айдау алдында қабаттық суды тазарту

РВС-1 резервуарынан бөлінген қабаттық су диаметрі 159×8 мм құбыр арқылы «БУГОВ» қабаттық суды тазарту блогына келіп түседі. Мұнда қабаттық су механикалық қоспалардан тазартылады. «БУГОВ» қондырғысынан шыққан тазартылған қабаттық су диаметрі 114×8 мм құбыр арқылы көлемі 50 м^3 болатын РГС-2 қабаттық суды жинау резервуарына түседі.

РГС-2 резервуарынан қабаттық су диаметрі 159×8 мм құбыр арқылы Н-2/1,2 сорғыларының сору желісіне беріледі. Оның біреуі жұмысшы, екіншісі резервтік сорғы болып табылады. Одан әрі су Н-2/1,2 сорғылары арқылы диаметрі 114×8 мм құбырмен автоцистерналарға су құю тірегіне немесе шыныпластик құбырлар арқылы ЫСАҚ-2,4 қондырғыларына айдалады.

Су-мұнай сұйықтығын сапалы тұндыру үшін жобаланатын сұйық реагентті енгізу блогынан қолданыстағы ҚКСС-1 манифольдының жинау коллекторына деэмульгатор беру көзделген.

Б-1 қабаттық суды тазарту блогының алаңы қабаттық суды механикалық қоспалардан және басқа да заттардан тазартуға арналған.

Зауытта толық дайындалған «БУГОВ» суды терең тазартудың блоктық қондырғысы мыналардан тұрады:

- екі сорғы агрегаты (біреуі – жұмысшы, біреуі – резервтік);
- сүзгі-сепаратор;
- ішкі жарықтандыру жүйесі;
- басқару қалқаны.

Сорғылардың сору құбырларында ірі қоспалардан тазартатын сүзгілер мен тиекті құрылғылар орнатылған. Сорғылардың айдау құбырлары кері клапандармен, манометрлермен және тиекті құрылғылармен жабдықталған.

Жол берілетін төгінділер нормативтері (НДС)

2027–2029 жылдары Жалғызтөбе кен орнының қабатына төгілетін **қабаттық сулардың көлемі жылына 748 453,87 м³ немесе тәулігіне 2 050,56 м³** құрайды. Оның ішінде жылына 741 845,87 м³ – мұнаймен бірге өндірілетін ілеспе қабаттық судың көлемі, ал жылына 6 608 м³ – тұзсыздандыруға пайдаланылатын және тұндыру мен механикалық тазартудан кейін қабатқа төгілетін тұщы судың көлемі. Есептік су тұтынуды жасау кезінде қабаттық қысымды ұстап тұру (ҚҚҰ) жүйесін сумен жабдықтау қарастырылған жоқ, өйткені бұл сулар нормаланбайды.

Қазақстан Республикасы Су кодексінің 123-бабының 4-тармағына сәйкес жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде ілеспе алынған жерасты суларын ағызуға және оларды жер қойнауына айдауға, көмірсутектермен бірге өндірілген қабаттық суларды қабаттық қысымды ұстап тұру мақсатында айдауды қоспағанда, экологиялық рұқсат және арнайы су пайдалануға рұқсат болған жағдайда ғана жол беріледі.

Осыған байланысты мұнаймен бірге өндірілетін ілеспе қабаттық сулар сарқынды суларға жатпайды және нормалауға қатыспайды. Тек тұзсыздандыруға пайдаланылатын және тұндыру мен механикалық тазартудан кейін қабатқа төгілетін тұщы судың көлемі – **жылына 6 608 м³** нормалауға жатады.

Жер қойнауына, яғни мұнайлы қабаттарға төгілетін судың құрамындағы ластаушы заттардың тізбесі мынадай компоненттерден тұрады: натрий, калий, кальций, магний, хлоридтер, сульфаттар, карбонаттар, гидрокарбонаттар, бромидтер, йодидтер, мұнай өнімдері, екі және үш валентті темір.

2027–2029 жылдарға арналған ластаушы заттар төгінділерінің лимиті жылына 319,7276 тоннаны құрайды.

ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУДЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙІН БАҒАЛАУ

Өндірістік қызмет нәтижесінде қалдықтардың 18 түрі түзіледі, оның ішінде 11 түрі – қауіпті қалдықтар, 7 түрі – қауіпті емес қалдықтар.

Қауіпті қалдықтар: пайдаланылған люминесцентті шамдар; майланған шүберектер; мұнай шламы; ұңғымаларды кері жуу қалдықтары (ҰКЖҚ); пайдаланылған лак-бояу материалдарының ыдыстары; химиялық реагенттерден босаған пайдаланылған ыдыстар; пайдаланылған май сүзгілері; пайдаланылған май; пайдаланылған аккумуляторлар; «Б» сыныбындағы медициналық қалдықтар; «Г» сыныбындағы медициналық қалдықтар.

Қауіпті емес қалдықтар: дәнекерлеу электродтарының қалдықтары; құрылыс қалдықтары; пайдаланылған автокөлік шиналары; қара металл сынықтары; тұнба шөгіндісі; коммуналдық қалдықтар; тамақ қалдықтары.



Түзілетін барлық қалдықтар олардың одан әрі пайдалану бағытын айқындау мақсатында материалдардың түрі мен құрамы бойынша алдын ала сұрыпталады.Қалдықтардың кейбір түрлері кәсіпорынның өз қажеттіліктері үшін қайта пайдаланылады. Қалған қалдықтар қажетті құжаттарды ресімдей отырып, шарт негізінде осындай қалдықтарды қалпына келтірумен немесе жоюмен айналысатын және тиісті қызмет түрін жүзеге асыруға рұқсат құжаттары бар мамандандырылған бөгде ұйымдарға тапсырылады.

2027–2029 жылдары кен орнын пайдалану кезеңіне арналған қалдықтарды жинақтау лимиттері

Қалдықтар атаулары	Жинақтау лимиттері, т/жылына
БАРЛЫҒЫ	**682,3096**
оның ішінде өндіріс қалдықтары	554,2896
тұтыну қалдықтары	128,02
Қауіпті қалдықтар	
Пайдаланылған люминесцентті шамдар	0,0499
Майланған шүберектер	2,286
Мұнай шламы	400,001
ҰКЖҚ (ұңғымаларды кері жуу қалдықтары)	68,5
Пайдаланылған лак-бояу материалдарының ыдыстары	0,045
Химиялық реагенттерден босаған пайдаланылған ыдыстар	2,14
Пайдаланылған май сүзгілері	0,08
Пайдаланылған май	0,9839
Пайдаланылған аккумуляторлар	0,0925
«Б» сыныбындағы медициналық қалдықтар	0,0185
«Г» сыныбындағы медициналық қалдықтар	0,001
Қауіпті емес қалдықтар	
Дәнекерлеу электродтарының қалдықтары	0,0346
Құрылыс қалдықтары	22,0
Пайдаланылған автокөлік шиналары	2,8192
Металл сынықтары	40,2914
Тұнба шөгіндісі	14,4975
Коммуналдық қалдықтар	101,01
Тамақ қалдықтары	27,01

«Жалғызтөбе кен орнындағы ДНС-1 кеңейту – суды алдын ала ағызу қондырғысы» жобасына арналған ҚОҚБ бөлімі бойынша 2027–2029 жылдарға пайдалану кезеңіндегі қалдықтарды жинақтау лимиттері

Қалдықтар атаулары	Жинақтау лимиттері, т/жылына
БАРЛЫҒЫ	**4,681**
оның ішінде өндіріс қалдықтары	3,665
тұтыну қалдықтары	1,86
Қауіпті қалдықтар	
Майланған шүберектер	3,665
Қауіпті емес қалдықтар	
Коммуналдық қалдықтар	1,86

«Жалғызтөбе кен орнындағы өндіруші ұңғымалардан мұнай жинау жүйесін жаңғырту» ҚОҚБ жобасы бойынша құрылыс кезеңіндегі қалдықтарды жинақтау лимиттері

Қалдықтар атаулары	Жинақтау лимиттері, т/жылына
БАРЛЫҒЫ	**35,35143**
оның ішінде өндіріс қалдықтары	30,10143
тұтыну қалдықтары	0,75
Қауіпті қалдықтар	
Пайдаланылған лак-бояу материалдарының ыдыстары	0,04153
Майланған шүберектер	0,0381
Қауіпті емес қалдықтар	
Дәнекерлеу электродтарының қалдықтары	0,0218
Құрылыс қалдықтары	10,0
Металл сынықтары	20,0
Коммуналдық қалдықтар	0,75

«Жалғызтөбе кен орнындағы ДНС-1 кеңейту – суды алдын ала ағызу қондырғысы» ҚОҚБ жобасы бойынша құрылыс кезеңіндегі қалдықтарды жинақтау лимиттері

Қалдықтар атаулары	Жинақтау лимиттері, т/жылына
БАРЛЫҒЫ	**8,11295**
оның ішінде өндіріс қалдықтары	6,54995
тұтыну қалдықтары	1,563
Қауіпті қалдықтар	
Пайдаланылған лак-бояу материалдарының ыдыстары	0,003
Майланған шүберектер	0,0381
Қауіпті емес қалдықтар	
Дәнекерлеу электродтарының қалдықтары	0,00885
Құрылыс қалдықтары	5,0
Металл сынықтары	1,5
Коммуналдық қалдықтар	1,563

Қоршаған ортаға эмиссиялар мониторингі

Өндіріс және тұтыну қалдықтарының мониторингі тоқсанына бір рет жүргізіледі.

Қалдықтардың жинақталуына жүргізілетін өндірістік мониторинг мыналарды қамтиды: операциялық мониторинг – өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру технологиясын бақылау; эмиссиялар мониторингі – нақты орналастырылған қалдықтар көлемінің белгіленген лимиттерге сәйкестігін бақылау; қалдықтарды жинақтау объектілерінің табиғи орта компоненттерінің жай-күйіне әсерін бақылау мониторингі.

Жол берілетін шығарындылар нормативтері (ЖШН) бойынша эмиссиялар мониторингі тоқсанына бір рет жүргізіледі.

Стационарлық көздердің жалпы саны – 174.

Әсер ету мониторингі

- **Атмосфералық ауаға әсер ету мониторингі 10 бақылау нүктесінде тоқсанына бір рет жүргізіледі.** Ластаушы заттардың фондық концентрацияларын өлшеумен қатар желдің бағыты мен жылдамдығы, ауа температурасы, атмосфералық қысым және салыстырмалы ылғалдылық сияқты метеорологиялық параметрлер анықталады.

- **Топырақтың ластану деңгейінің мониторингі 9 сынама алу нүктесінде тоқсанына бір рет жүргізіледі.** Бақылау жүйесі топырақтың мұнай өнімдерімен және ауыр металдармен ластануын анықтау мақсатында оның жай-күйінің көрсеткіштерін бақылауды қамтиды.

- **Су ресурстарының мониторингі 9 бақылау** ұңғымасында **тоқсанына бір рет** жүргізіледі.

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары

- Өндірістік экологиялық мониторинг жүргізу;
- Жұмыс алаңдары мен кенішішілік жолдарды күтіп ұстау және шаңды басу жұмыстарын жүргізу;
- Әзірленген қозғалыс бағыттарының сызбасына сәйкес кен орны аумағында автокөлік пен басқа да жылжымалы көздердің қозғалысы мен пайдаланылуын шектеу;
- Буландырғыш тоғаннан алынған суды шаңды басуға және жасыл желектерді суаруға қайта пайдалану;
- Кен орнының өндірістік объектілері аумағында тазалау жұмыстарын және сенбіліктер өткізу;
- Аумақты көгалдандыру және жасыл желектерді суару;
- Өндіріс және тұтыну қалдықтарын әкетуге шарттар жасасу;
- Өндіріс және тұтыну қалдықтарының есебін жүргізу және олардың бөлек жиналуын бақылау;
- Пайдаланылған майды қайта пайдалану;
- Персоналдың экологиялық біліктілік деңгейін арттыру.

«Жалғызтөбе кен орнындағы №1 ДНС-ті кеңейту –
суды алдын ала ағызу қондырғысы»
жұмыс жобасына арналған «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі

Келіп түсетін су-мұнай сұйықтығы көлемінің ұлғаюына байланысты осы жұмыс жобасында қабат суын алдын ала бөлуге арналған мынадай технологиялық құрылыстарды орната отырып, қолданыстағы ДНС-1 станциясын кеңейту көзделген:

- су-мұнай эмульсиясын жинауға арналған көлемі 500 м³ РВС-1 алаңы;
- су-мұнай эмульсиясына арналған көлемі 50 м³ РГС-1 алаңы;
- су-мұнай сұйықтығын айдау сорғыларының алаңы;
- қабат суын тазарту блогының алаңы;
- қабат суын айдау сорғыларының алаңы;
- мұнайды автоцистерналарға құю тірегінің алаңы;
- қабат суын автоцистерналарға құю тірегінің алаңы;
- қабат суына арналған көлемі 50 м³ РГС-2 алаңы;
- сұйық реагентті енгізу блогының алаңы;
- технологиялық құбырлар.

Құрылыс түрі – кеңейту.
Құрылыс мерзімі – 5 ай.

Құрылыс кезеңінде қызметкерлер саны шамамен **50 адамды** құрайды.
Құрылыс жұмыстары кезінде атмосфераға ластаушы заттар шығаратын барлығы **19 көз** анықталған. Оның ішінде **4 көз – ұйымдастырылған, 15 көз – ұйымдастырылмаған**.
Жобаланатын объектіні салу кезінде стационарлық көздерден атмосфераға шығарылатын ластаушы заттардың көлемі **1,5026 г/с немесе құрылыс кезеңінде 0,5398 тоннаны** құрайды.
Құрылыс кезеңіндегі су тұтыну көлемі – **237,169 м³/кезең**.
Құрылыс кезінде қалдықтарды жинақтау лимиті **8,113 т/кезеңді** құрайды. Негізгі қалдық түрлері: пайдаланылған ыдыстар, майланған шүберек, дәнекерлеу электродтарының қалдықтары, құрылыс қалдықтары, металл сынықтары және коммуналдық қалдықтар.

Пайдалану кезеңінде атмосфералық ауаға ластаушы заттар бөлетін негізгі жабдықтардың бірі – дизель генераторы.
Пайдалану кезеңінде барлығы **16 шығарындылар көзі** анықталған. Оның ішінде **3 көз – ұйымдастырылған, 13 көз – ұйымдастырылмаған**.
Жобаланатын объектіні пайдалану кезінде атмосфераға шығарылатын ластаушы заттардың көлемі **12,987256 г/с немесе жылына 33,092778 тоннаны** құрайды.

«Жалғызтөбе кен орнындағы өндіру ұңғымаларынан мұнай жинау жүйесін жаңғырту»
жұмыс жобасына арналған «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі

Жобаланған мұнай жинау жүйесі сәулелік схема бойынша жұмыс істейді: ұңғымалардың өнімі шығу желілері арқылы жинау коллекторларына, одан әрі коллекторлармен мұнайды жинау және дайындау пункттеріне жеткізіледі.
Кейбір өндіру ұңғымаларындағы сағалық қысымның төмендеуіне байланысты ұңғыма өнімін жинауға арналған жергілікті резервуарларды орнату қажеттілігі туындады. Ұңғыма өнімі – құрамының 92–95%-ын қабат суы құрайтын мұнай-су эмульсиясы.
Осы жаңғырту жұмыс жобасында көзделген:

- өнімділігі төмен ұңғымалар үшін қолданыстағы ұңғыма алаңдарында төрт РГС-100 резервуарын орнату және ұңғымалардың шығу желілерін осы резервуарларға қосу;
- №209 ұңғыма алаңында көлемі 100 м³ РГС резервуарын орнату. Резервуарға №202, 209, 301, 317 және 341 ұңғымаларынан өндірілетін сұйықтық жиналады;
- №311 ұңғыма алаңында көлемі 100 м³ РГС резервуарын орнату. Резервуарға №200, 201, 207, 308, 310, 311 және 312 ұңғымаларынан өндірілетін сұйықтық жиналады;
- №325 ұңғыма алаңында көлемі 100 м³ РГС резервуарын орнату. Резервуарға №214, 215, 216, 325, 326, 334 және 335 ұңғымаларынан өндірілетін сұйықтық жиналады;
- №332 ұңғыма алаңында көлемі 100 м³ РГС резервуарын орнату. Резервуарға №217, 328, 332, 333, 336, 337 және 338 ұңғымаларынан өндірілетін сұйықтық жиналады.
- 87 өндіру ұңғымасының сағаларын байлау кезінде шығу желісіндегі электр жетекті ысырмалар алынып тасталады. Бұл жұмыстар №137а, 236, 237, 239, 240, 255, 257, 259, 261, 266, 267, 268, 271, 273, 274, 275, 276, 280, 282, 283, 200, 201, 202, 203, 206, 207, 209, 213, 214, 215, 216, 217, 220-1, 222, 223, 224, 225, 229, 230, 233, 235, 247, 301, 310, 311, 312, 314, 315, 316, 317, 318, 319, 325, 326, 327, 328, 330, 331, 332, 333, 334, 335, 336, 337, 338, 340, 341, 342, 343, 345, 346, 350, 351, 354, 355, 358, 360, 361, 363, 362, 364, 366, 368, 369, 371, 374 және 377 ұңғымаларында жүргізіледі.

Құрылыс түрі – жаңғырту.
Құрылыстың есептік ұзақтығы – 4 ай.

Құрылыс жұмыстары кезеңінде атмосфераға ластаушы заттар шығаратын барлығы **18 көз** анықталған. Оның ішінде **4 көз – ұйымдастырылған, 14 көз – ұйымдастырылмаған**.
Құрылыс кезеңіндегі шығарындылар көздеріне төрт таңбалы нөмірлер берілген: ұйымдастырылған көздер **1101-ден**, ал ұйымдастырылмаған көздер **7101-ден** басталады.
Жобаланатын объектіні салу кезінде атмосфераға шығарылатын ластаушы заттардың көлемі **1,2832 г/с немесе құрылыс кезеңінде 1,2493 тоннаны** құрайды.
Құрылыс кезеңіндегі қызметкерлер саны – **30 адам**.
Құрылыс кезеңіндегі су тұтыну көлемі – **218,18 м³/кезең**.
Құрылыс кезінде қалдықтарды жинақтау лимиті **35,35 т/кезеңді** құрайды. Негізгі қалдық түрлері: пайдаланылған ыдыстар, майланған шүберек, дәнекерлеу қалдықтары, бетон қалдықтары мен бетон шламы, металл сынықтары және коммуналдық қалдықтар.

Пайдалану кезеңінде алаңда барлығы **29 шығарындылар көзі** анықталған. Оның ішінде **4 көз – ұйымдастырылған, 25 көз – ұйымдастырылмаған**.
Жобаланатын объектіні пайдалану кезінде атмосфераға шығарылатын ластаушы заттардың көлемі **3,342271 г/с немесе жылына 42,993979 тоннаны** құрайды.



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАҚМЕТ!

Баяндама

(слайд 1)

Қайырлы күн, құрметті қоғамдық тыңдауға қатысушылар!

Бүгін «Жалғызтөбемұнай» ЕЖШС-нің 2027–2029 жылдарға арналған экологиялық жобаларын таныстырамыз. Олар шығарындылар мен төгінділер нормативтерін, қалдықтарды басқару және экологиялық бақылау бағдарламаларын, қоршаған ортаны қорғау іс-шараларын қамтиды. Сонымен қатар ДНС-1 станциясын кеңейту және мұнай жинау жүйесін жаңғырту жобаларын қарастырамыз.

(слайд 2) - Кәсіпорын туралы жалпы мәліметтер

Жалғызтөбе мұнай кен орны Бозащы түбегінің орталық бөлігінде, Үлкен Сор шатқалының аумағында орналасқан. Кен орны шығыстан батысқа қарай 8 шақырымға созылып жатыр, ені 2–2,5 шақырымды құрайды. Әкімшілік тұрғыдан Маңғыстау облысының Түпқараған ауданына жатады.

Ақтау қаласы кен орнынан 165 шақырым қашықтықта орналасқан. Ең жақын елді мекендер: Қияқты ауылы мен Қаражанбас жұмысшы кенті – 30 шақырым, Қызан ауылы – 65 шақырым. Жақын орналасқан мұнай кәсіпшіліктері: Солтүстік Бозащы – 10 шақырым, Қаражанбас – 22 шақырым және Қаламқас – 32 шақырым.

Кәсіпорынның санитариялық-қорғау аймағы – 1000 метр. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес объект қоршаған ортаға әсер етудің бірінші санатына жатады.

(слайд 3) - Жалғызтөбе кен орны орналасқан ауданның шолу картасы

(слайд 4) - Атмосфераны ластау көзі ретіндегі оператордың сипаттамасы

Жалғызтөбе кен орнында мұнай өндіру, оны жинау және дайындау жұмыстары жүргізіледі. Ол үшін ұңғымалар, құбырлар, сорғы станциялары және мұнай дайындау пункті пайдаланылады.

Кен орнында барлығы 110 өндіру ұңғымасы бар. Оның 90-ы жұмыс істейді, 20-сы уақытша жұмыс істемейді. Мұнай өндіру көлемі 2027 жылы 43 300 тонна, 2028 жылы 44 400 тонна, 2029 жылы 46 200 тонна болады деп жоспарланған.

(слайд 5) - Атмосфераны ластау көзі ретіндегі оператордың сипаттамасы

Кен орнында атмосфераға шығарындылар бөлетін 174 көз бар. Оның 77-сі ұйымдастырылған, 97-сі ұйымдастырылмаған. Шығарындылар негізінен дизель отыны мен табиғи газ жанғанда, сондай-ақ технологиялық жабдық жұмыс істегенде түзіледі.

Есеп бойынша шығарындылар көлемі 2027 жылы 265,01 тонна, ал 2028 және 2029 жылдары жылына 266,33 тонна болады.

(слайд 6) - Жол берілетін төгінділер нормативтері (НДС)

Кен орнына техникалық су «Астрахань–Маңғышлақ» су құбырынан жеткізіледі, ал ауызсу үшін бөтелкедегі су пайдаланылады. Су мұнайды дайындауға, ұңғымалардағы жұмыстарға және қызметкерлердің тұрмыстық қажеттіліктеріне жұмсалады. Кен орнында мұнаймен бірге шығатын қабаттық су, өндірістік және тұрмыстық сарқынды сулар түзіледі.

(слайд 7) - Шаруашылық-тұрмыстық сарқынды суларды тазарту

Вахталық кентте түзілетін тұрмыстық сарқынды сулар кәріздік сорғы станциясына жиналады. Одан кейін олар құбыр арқылы «Родник-25» тазарту қондырғысына жіберіледі. Қондырғыда су алдымен механикалық, содан кейін биологиялық әдіспен тазартылады. Тазартылған су көлемі 60 м³ болатын сыйымдылыққа жиналады. Оны кен орны аумағында шаңды басуға, жасыл желектерді суаруға және көлік шиналарын жууға пайдалануға болады.

(слайд 8) - Қабатқа айдау алдында қабаттық суды тазарту

Мұнайдан бөлінген қабаттық су алдымен РВС-1 резервуарына жиналады. Одан кейін су «БУГОВ» тазарту блогына жіберіліп, механикалық қоспалардан тазартылады. Тазартылған су көлемі 50 м³ болатын РГС-2 резервуарына түседі. Сол жерден сорғылар арқылы су айдау қондырғыларына немесе автоцистерналарға беріледі. Бұл жүйе қабаттық суды одан әрі пайдалануға дайындауға арналған.

(слайд 9) - Жол берілетін төгінділер нормативтері (НДС)

2027–2029 жылдары кен орнында қабатқа жыл сайын **748 453,87 м³ су**, яғни тәулігіне шамамен **2 050,56 м³** айдау жоспарланған. Оның **741 845,87 м³** — мұнаймен бірге өндірілетін қабаттық су. Қалған **6 608 м³** — мұнайды тұзсыздандыруға пайдаланылған тұщы су; ол тұндырылып, механикалық тазартудан кейін қабатқа айдалады. Жобада төгінділер нормативі осы **6 608 м³** суға белгіленген. Судың құрамында мұнай өнімдері, тұздар және темір сияқты заттар бақыланады. Ластаушы заттар төгінділерінің ұсынылған лимиті — **жылына 319,7276 тонна**.

(слайд 10) - Қалдықтарды басқарудың ағымдағы жай-күйін бағалау

Кен орнында өндірістік қызмет нәтижесінде қалдықтардың **18 түрі** түзіледі. Оның **11 түрі қауіпті**, ал **7 түрі қауіпті емес** қалдықтарға жатады. Қауіпті қалдықтардың ішінде мұнай шламы, пайдаланылған май, майланған шүберек және аккумуляторлар бар. Қауіпті емес қалдықтарға металл сынықтары, құрылыс және коммуналдық қалдықтар жатады. Барлық қалдықтар түріне қарай бөлек жиналып, жарамдылары қайта пайдаланылады. Қалған қалдықтар шарт бойынша тиісті рұқсаты бар мамандандырылған ұйымдарға тапсырылады.

(слайд 11) - Пайдалану кезеңіндегі қалдықтар

2027–2029 жылдары кен орнын пайдалану кезінде қалдықтарды жинақтау лимиті жылына **682,3096 тонна** болады. Оның **554,2896 тоннасы** өндіріс қалдықтары, **128,02 тоннасы** тұтыну қалдықтары. Ең көп түзілетін қалдық — мұнай шламы, оның көлемі жылына **400,001 тонна**. Сондай-ақ ұңғымаларды кері жуу қалдықтары, металл сынықтары және коммуналдық қалдықтар түзіледі. ДНС-1 станциясын кеңейту жобасының пайдалану кезеңіндегі қалдықтарды жинақтау лимиті **жылына 4,681 тонна**.

(слайд 12) - Құрылыс кезеңіндегі қалдықтар

Екі жұмыс жобасының құрылыс кезеңінде түзілетін қалдықтары бөлек есептелген. **ДНС-1 станциясын кеңейту** жобасы бойынша қалдықтарды жинақтау лимиті **8,11295 тонна**. Ал **мұнай жинау жүйесін жаңғырту** жобасы бойынша бұл көрсеткіш **35,35143 тонна**. Негізгі қалдықтар — құрылыс қалдықтары, металл сынықтары, пайдаланылған ыдыстар, майланған шүберек және коммуналдық қалдықтар. Олар түріне қарай бөлек жиналып, кейін мамандандырылған ұйымдарға тапсырылады.

(слайд 13) - ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ЭМИССИЯЛАР МОНИТОРИНГІ

Кен орнында қалдықтардың жиналуы **тоқсанына бір рет** бақыланады. Бақылау кезінде қалдықтардың қалай жиналғаны және олардың нақты көлемі белгіленген лимиттерге сәйкес келетіні тексеріледі. Атмосфераға шығарындыларға да тоқсан сайын мониторинг жүргізіледі.

(слайд 14) - ӘСЕР ЕТУ МОНИТОРИНГІ

Кен орнының қоршаған ортаға әсерін бақылау үшін ауа, топырақ және жерасты сулары тексеріледі. Атмосфералық ауаның сапасы **10 бақылау нүктесінде** тоқсанына бір рет өлшенеді. Осы кезде желдің бағыты мен жылдамдығы, ауа температурасы және басқа да ауа райы көрсеткіштері тіркеледі. Топырақтан **9 нүктеде** сынама алынып, мұнай өнімдері мен ауыр металдардың мөлшері анықталады. Жерасты сулары **9 бақылау ұңғымасында** тоқсанына бір рет тексеріледі.

(слайд 15) - Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары

Кәсіпорын ауа, топырақ және су жағдайына өндірістік экологиялық бақылау жүргізеді. Шаңды азайту үшін жұмыс алаңдары мен кен орны ішіндегі жолдарға су себіледі, ал көліктер белгіленген бағыттармен жүреді. Тазартылған су шаңды басуға және жасыл желектерді суаруға қайта пайдаланылады. Кен орнының аумағы тазартылып, көгалдандыру жұмыстары жүргізіледі. Қалдықтар бөлек жиналып, есепке алынады және оларды әкету үшін мамандандырылған ұйымдармен шарт жасалады. Қызметкерлердің экологиялық біліктілігін арттыру да жоспарланған.

(слайд 16) - ДНС-1 станциясын кеңейту

Келесі қарастырылатын жоба – **«Жалғызтөбе кен орнындағы №1 қосымша сорғы станциясын кеңейту және қабат суын алдын ала ағызу қондырғысы»** жұмыс жобасына арналған қоршаған ортаны қорғау бөлімі.

(слайд 17) - ДНС-1 станциясын кеңейту

Кен орнына келетін су мен мұнай қоспасының көлемі артқандықтан, қолданыстағы ДНС-1 станциясын кеңейту жоспарланған. Жоба бойынша қоспаны жинауға арналған **500 м³ резервуар** және **50 м³ сыйымдылықтар** орнатылады. Сонымен қатар қабаттық суды тазарту блогы, сорғылар және технологиялық құбырлар салынады. Мұнай мен қабаттық суды автоцистерналарға құюға арналған алаңдар да қарастырылған. Құрылыс мерзімі — **5 ай**.

(слайд 18) - ДНС-1 жобасының қоршаған ортаға әсері

Құрылыс жұмыстары **5 айға** созылады, оған шамамен **50 адам** қатысады. Құрылыс кезінде атмосфераға шығарындылар бөлетін **19 көз** болады, ал шығарындылар көлемі бүкіл құрылыс кезеңінде **0,5398 тонна** деп есептелген. Осы кезеңде **237,169 м³ су** тұтынылады және **8,113 тонна қалдық** түзіледі. Қалдықтардың негізгі түрлері — құрылыс қалдықтары, металл сынықтары, майланған шүберек және коммуналдық қалдықтар.

Нысан іске қосылғаннан кейін **16 шығарындылар көзі** жұмыс істейді. Пайдалану кезеңіндегі шығарындылар көлемі **жылына 33,092778 тонна** болады.

(слайд 19) - Мұнай жинау жүйесін жаңғырту жобасы

Келесі қарастырылатын жоба – **«Жалғызтөбе кен орнындағы өндіру ұңғымаларынан мұнай жинау жүйесін жаңғырту»** жұмыс жобасына арналған қоршаған ортаны қорғау бөлімі.

(слайд 20) - Мұнай жинау жүйесін жаңғырту жобасы

Қазір ұңғымалардан шыққан мұнай мен су қоспасы құбырлар арқылы жинау коллекторларына, одан әрі мұнай дайындау пунктіне жеткізіледі. Кейбір ұңғымаларда қысым төмендегендіктен, өнімді жинау үшін қосымша резервуарлар қажет. Жоба бойынша **№209, №311, №325 және №332 ұңғыма алаңдарына** әрқайсысының көлемі **100 м³ болатын төрт резервуар** орнатылады. Жақын орналасқан ұңғымалардың өнімі осы резервуарларға жиналады. Сонымен қатар **87 өндіру ұңғымасының** құбыр желілеріндегі электр жетекті ысырмалар алынып тасталады.

Құрылыс түрі – жаңғырту.

Құрылыстың есептік ұзақтығы – **4 ай.**

(слайд 21)

Құрылыс кезеңінде атмосфераға шығарындылар бөлетін **18 көз** болады: 4-еуі ұйымдастырылған, 14-і ұйымдастырылмаған. Шығарындылар көлемі бүкіл құрылыс кезеңінде **1,2493 тонна** деп есептелген. Құрылысқа **30 адам** қатысады, осы кезеңде **218,18 м³ су** тұтынылады. Қалдықтарды жинақтау лимиті **35,35 тонна** болады; олардың негізгі бөлігін құрылыс қалдықтары мен металл сынықтары құрайды. Жүйе іске қосылғаннан кейін **29 шығарындылар көзі** жұмыс істейді.

Пайдалану кезеңіндегі шығарындылар көлемі **жылына 42,993979 тонна** деп болжанған.

(слайд 22) - Назарларыңызға рахмет!